



10 наурыз, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Жәрмеңке



3 М.Шоқай: деректер не дейді?



4 Адам – бір көшкен керуен



6 Шипалы Апанқак



● ПРЕЗИДЕНТ

ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шипітті қабылдады.

Президентке Жоғары сот кеңесінің былтырғы атқарған жұмыстарының қорытындылары, соның ішінде судьялардың іріктелуін жетілдіру шаралары, соттардың кадрлық резервін қалыптастыру барысы және судьяларға қатысты тәртіптік тәжірибенің жағдайы туралы мәлімет берілді. Денис Шипіттің айтуынша, Кеңестің қызметі заманауи HR тәсілдерін кеңінен қолдануға және заңгерлер қоғамдастығы өкілдерін белсенді түрде тартуға мән бере отырып, ашықтық пен шынайылық қағидаттары бойынша жұмыс істеуге негізделген.

Судьяларды іріктеу кезінде олардың кәсіби және жеке қасиеттеріне шынайы баға беріліп, қоғамдық пікір жан-жақты зерттеледі.

Бұл ретте, соңғы жылдары былтыр алғаш рет сот жүйесінің қатарын толықтырған судьялардың саны, жұмыстан кеткендерден басым болғаны байқалды. Осылайша, сот корпусына бірінші рет 103 адам тағайындалып, 90 судьяның өкілеттігі тоқтатылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа сот кадрларын барынша жаңартуды және сот жүйесіне тәжірибелі мамандарды тартуды қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың перспективті бағыттары баяндалды. Судьяларды іріктеу мәселелері бойынша заңға енгізілген қосымшаларды іске асыру аясында биыл салалық мамандар үшін облыстық соттардағы судья лауазымына арнайы конкурс өткізу жоспарланып отыр.

Кеңес жұмысының ашықтығын одан әрі арттыру мақсатымен заңгерлер қоғамдастығы өкілдерінің қатысуын кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

● САЯСАТ САЛМАҒЫ



АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТА АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛЫ ҚАЙСЫ?

Әлемдік саясатта, көрші елдерде орын алып отырған соңғы жаңалықтарға байланысты түрлі басшыларда, әлеуметтік желілерде әртүрлі ақпараттар қаптап кетті. Біреулер Ресей мен Украина арасындағы жағдайды соғыс деп атаса, енді бірі әскери операция деп баға беруде. Сол секілді, тараптар бір-бірін геноцид, ұлтшылдық, басқыншылық, басқа да қылмыстар бойынша айыптауда. Оған қоса, өз шығындарын мардымсыз, қарсыласының шығындарын әлдеқайда көп етіп көрсетуге тырысуда. Ақпараттық кеңістікте де соғыс жүріп жатыр. Бір сөзбен, кім шың, кім өтірік айтатыны түсініксіз.

Сп Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Себебі пропаганда машинасы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Салдарынан айналадан жау іздеп, бейбіт елдің де арасына жік салуға дайын сол пропаганда құрбандарының қатары көбейді. Қарапайым халық арасында саяси көзқарастары сәйкес келмегені үшін жанжалдасып жатқандар көп. Бұл үрдіс елімізде де өршіп барады. Сондықтан осы бір толассыз ақпарат тасқынында өзімізді жат пиғыл, жалған түсініктен қорғай білу өте маңызды. Ол үшін, ең алдымен, пропаганда дегеннің өзі не екенін анықтап алған жөн.

Пропаганда белгілі бір деңгейде жарнамаға ұқсайды. Ақпараттан айырмашылығы – сізді қандай да бір әрекет жасауға үндейтінді. Мысалы, жарнаманың мақсаты – адамды

бірдене сатып алуға үгіттеу, оның тұтынушылық мінез-құлқын өзгерту. Ал, пропаганда – адамның ұғым-танымын, ойын өзгерту үшін эмоционалды түрде әсер ету. Сондықтан онда шынайы фактілер болуы мүмкін, бірақ ол фактілер адамның ойы мен мінез-құлқын өзгертетіндей етіп өңделіп, тұжырымдалады.

Ежелден-ақ ақыл-ой үстемдігі, басқалардың санасын жаулап алу – өз билігін жүргізудің ең тиімді жолы болған. Пропаганда терминінің өзі бастауын католик шіркеуінен алады. Қарапайым тілмен айтсақ, бұл – уағыз. Тіпті, батыс әлемінде беделді діндер ойшылдардың бірі: «Маған адам өмірінің алғашқы алты жылын берсеңіздер, қалғаны маңызды емес» деген пікір айтқан, яғни, адамды өмір бойы өз ықпалында

ұстау үшін алғашқы алты жылда өзін тәрбиелеу жеткілікті деген сөз.

Тура мағынасында пропаганда – басқаны өз сеніміне кіргізуді мақсат ететін іс-әрекет. Сондықтан қандай идеяны болсын насихаттаушының өз сенімі бар екенін ұмытпаған дұрыс. Ол – белгілі бір партияның, белгілі бір тараптың адамы. Ол қарсы тараптың, екінші жақтың пікірін ешқашан ескермейді. Оның ағартушылық қызметтен айырмашылығы да сонда. Пропаганда адамдардың сыни тұрғыдан ойлауын – қарама-қайшы пікірлерді салыстырып, талдап, өз бетінше қорытынды жасағанын қаламайды. Насихатшының бір ғана ұстанымы бар. Ол соған ғана сүйенеді, өзгелерді де өз жағына тартқысы келеді.

Сондай-ақ, пропаганда мемлекеттік саясатқа ғана қатысты нәрсе емес. Бірақ, авторитарлық мемлекеттің басты белгілерінің бірі – ақпараттық монополия. Мысалы, сайлау науқанын пропагандамен тығыз байланысты. Бірақ сайлау кезінде әрбір үміткердің өз ұстанымын жеткізуге мүмкіндігі болса, бұл қалыпты жағдай. Ал, авторитарлық мемлекетте ақпараттық монополия, яғни, бір ғана микрофон бар және ол мемлекеттің қолында. **2-бет**

● ҚЫСҚЫ ПАРАЛИМПИАДА-2022



Александр Герлиц – қола жүлдегер

Қытай астанасы Бейжің қаласында 2022 жылғы XIII қысқы Паралимпиада ойындарында пара биатлоннан түреген сырғанауда Александр Герлиц қола жүлдегер атанды.

Қазақстандық спортшыны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Твиттер әлеуметтік желісінде құттықтады. Александр еліміздің атынан аталған сайыста бақ сынаған жалғыз спортшы болатын. Айтпа кетсек, бұл медаль – биылғы қысқы Паралимпиадада қазақстандық спортшылардың алғашқы жүлдесі. **6-бет**

● ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

Орта тап деген кімдер?

Марксизм-Ленинизм ілімі капитализм дүниесін капиталистер мен жұмысшылардың, яғни жоғарғы тап пен төменгі таптың қоғамы деп үрейттеді. Жоғарғы тапты Карл Маркс үстем тап, қанаушы тап, төменгі тапты қаналушы тап деп құйқылжытты. «Қанаушы, қаналушы» деген сөздің кедейлерге еш ұнамайтынын, осы сөзді айтса жыны қозып кететінін жақсы білген Карл Маркс қасақана солай атаған. Ал қай қоғамның да жетекшісі болған орта тап туралы жұмған аузын ашпапты.

Еліміз нарықтық экономика жолына түскен тоқсаншы жылдардың басында біз білетін осы екі таптың арасынан орта тапты қалыптастыру маңызды екені жиі сөз болатын. Орта тап деген, өзін өзі толық қамтамасыз ететін, үкіметке алақан жаймайтын, жылап-еніреп жәрдем сұрамайтын, қайта мемлекетке салық төлеп тұратын шағын және орта бизнес өкілдері деп түсіндірілді. Халық елімізде ауқатты адамдардың көбейгенін шынымен қалады. Бірақ орта тапты кімдер құрайды дегенге мән бере қоймады. Меншік иесі болып, әжептәуір қаржы жинап, қор жинағандар шығар деп шамалады. Осы орта таптан зауыт-фабрика иелері өсіп шығады, былайғы жұрт сол өндіріс орындарында жұмыс істеп, алаңсыз өмір сүреді деп үміттенді. Осы зауыт-фабрикалардың арқасында экспорт көбеймесе де, импорт азаяды деп сенді. Бірақ мәселе біз ойлағандай болмады.

Менің мектепте нашар оқыған бір ағам әуелі бір дүкен, одан соң екінші дүкен, сосын үшінші дүкенін ашты. Байыды. Өзі ғана. Өзі ғана емес, сататыны кіл қытай заты, Қытайды да байытты. Кейін ол дүкенді қойып, базар ашты. Ресторан ашты. Ақшаның астында қалды. Ақшаны қайда жұмсарын білмеді. Екі-үш тоқал алды. Күнде той, күнде думан, ішу болды. Ақшасы қанша көп болса да зауыт ашайын, фабрика ашайын деген ой болмады. Бала кезінен білем, оның зауыт-фабриканы ойлайтын басы да жоқ еді. **2-бет**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 12-сессиясы 2022 жылғы 14 наурызда сағат 16:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) ахуалдық орталығында бейне-конференц байланысы арқылы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

- 1. Қызылорда облысы әкімінің аудандар мен Қызылорда қаласында халықпен кездесуінің 2022 жылға арналған күнтізбесін келісу туралы.
- 2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихат

● Өңір өнімі

Хоббидан басталған қарекет

– Өшейін, хобби ғой, – дейді Төретам кентінде тұратын Ерлан Жаппасбаев. Тауықтың түр-түрі мен бөденеге үйілген бізге берген жауабы осындай. – Хоббиыңыз мынау болса... Жауабына еріксіз күлдік. Ауылдағы шұбар ала мекен мен қызыл-жасыл құйрықты қораздан өзге дым көрмеген бізге сырт елден келген бұл тауық тұқымдары тым таңсық.

Сп Ержан ҚОЖАКОВ, «Сыр бойы»

Төретам мен Ақайға белгілі кәсіпкердің жеке кәсібімен танысып жүрміз. Жан-жақты жігіт ағасы құс өсіріп, мал бағады. Қой мен жылқы бордақпайды. Байқоңыр қаласынан бөлек, Ақай және Төретамнан азық-түлік дүкендерін ашып, кәсібін жандандырып жүр. Өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерімен ішкі нарықты барынша қамтуда.

– Бұл жерде өзіңіз көргендей голландиялық тауық тұқымы бар. 60 күн толған соң еті жеуге жарамды. Әрі бұның бір ерекшелігі өте етті, дәмді, сосын тез піседі. Бір

өзінің салмағы 4,5-5 келіге дейін береді. Сондай-ақ «Ломан Браун», «Цесарка» сияқты тауық түрлерін де бағып отырмын. Жарты жыл бұрын бөдене де әкелдім. Бұл – өте өсімтал құс. 45 күнде жұмыртқа береді. Еті де, жұмыртқасы да ұдайы сұраныста, – дейді Ерлан Жаппасбаев.

Ерланның құсханасында 400 бөдене, 350 тауық бар. Етінен бөлек, жұмыртқасын да сатылымға шығарып отыр. Сондай-ақ ауыл маңынан 1 гектар жер алып, бақша өнімдерін де егеді. **2-бет**





АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТА АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛЫ ҚАЙСЫ?

Демократиялық режимнің де, тоталитарлық режимнің де негізгі күші – халық. Бірақ авторитарлық елдердегі пропаганда халықтың белгілі бір идея төңірегінде бірігуіне, билікке араласуына кедергі жасауды көздейді. Мұндай пропаганданың мақсаты – қарапайым адамды ешкімге сенуге болмайтынына, барлығы өтірік екенін сендіріп, саясатқа араласпай, үйінде тыныш отыруға көндіру. Өйткені, авторитарлық мемлекетте билікті жүзеге асыруда халық тек кедергі келтіреді. Оған қоса, авторитарлық билік халықты тек қосымша шығын ретінде қарастырады.

Заманауи авторитарлық елдер әлемдік қауымдастық алдында өздерін демократиялық қоғам ретінде көрсетіп, сайлау өткізіп тұрады. Дегенмен, ол сайлауда әділ жолмен жеңіске жете алмайтынын білгендіктен, сайлаушылармен жұмыс істеуге мәжбүр. Тіпті, сол сайлауды болдырмаудың жолы табылса, авторитария үшін нағыз бақыт болар еді. Сол себепті де, авторитарлық пропаганда халықтың бірігуіне жол бермеуді көздейді. Ол қарапайым адамға жақсы мен жаманды, дос пен дұшпанды өзі анықтап бергісі келеді. Сондай-ақ, соның барлығын жеңіп, баяндай болашаққа жол салып жатқан биліктің ерлігін насихаттаудан шаршамайды. Ал, азаматтар ештеңе істемей, соны тындап үйінде отырса жеткілікті.

Саясаттанушы ғалымдар авторитарлық биліктің тағы бір ерекшелігі ретінде азаматтарын өзге елдердің мүддесі үшін жұмыс істеп, елдің тұтастығына қауіп төндірмей, басқаша айтқанда, сатқындар ретінде көрсетуді атаған.

Қарапайым адамның өзі жете түсінбейтін мәселелерде пропагандаға сенуі оңай. Бар-
1-бет

лығының ақ-қарасын ажыратып жататын уақыт та жоқ. Сондықтан өзге елдегі жағдайды әлдекім қарапайым және ұғынықты етіп түсіндіріп берсе, еш күмәнсіз сене саламыз. Ал, пропаганда тілі қай кезде де қарапайым, түсінікті, ыңғайлы.

Бірақ өзімізге жақын, тікелей қатысы бар нәрсеге келгенде, әркімнің өз пікірі бар. Кімнің болсын айтқанына сене қою да қиын. Мысалы, біреу азық-түлік бағасы тұрақты десе, күн сайын дүкенге барып жүрген адамның оған алдана қоюы екіталай. Сол себепті пропаганда көбіне сыртқы саясат тақырыбына бағытталған. Бұл жерде әлемнің өзге бір бұрышындағы ашаршылық немесе соғыстың жұртшылықты шындықта алаңдатпайтынын естен шығармаған дұрыс. Көптеген адамдар үшін мұндай жаңалықтар жай ғана сюжеттер. Өзге елдегі соғыс пен атыс-шабыс тақырыбындағы фильмнің айырмашылығы шамалы. Тақырып өте алыс болғандықтан, жұрт кез келген адамға сене салады.

Ғалымдар пропагандаға бейім адамдар категориясын да анықтаған. Саяси психологияда «авторитарлы тұлға» деген ұғым бар. Авторитарлы тұлғаның төрт белгісі болады: авторитарлық мойынсұнушылық – биліктің айтқанының бәріне сену, агрессия – қарсыластардың пікірін қабылдамау, интеллектуалдық қарапайымдылық және басқалардың жыныстық өміріне араласу, яғни, авторитарлы тұлға басқа адамдардың әдет-ғұрыптарын жиі айыптайды, көршісінің өмірі басқаша ұйымдастырылғанына наразылық білдіреді. Басқа бейрудің жеке өміріне, басқа ер мен әйелдің некедегі қарым-қатынасына, таныстарының балаларын басқаша тәрбиелеуіне араласу, қарсылық таныту – мұның бәрі авторитарлы тұлғаның белгілері.

Сонда, жат ғылдың жетегіне еріп, айтқанына қосылып кетпеу үшін өзімізді пропагандалан қалай қорғаймыз? Ақпараттық қоғамда Фрэнсис Бэконның: «Күш – білімде» деген сөзінің маңызы ашыла түскендей. Бір саланы жетік білген адам үшін өмірдің өзге салаларын түсіну де оңайырақ. Пропаганда құрбаны болмауға көмектесетін екінші фактор – тәжірибенің әртүрлілігі. Әлеуметтану саласындағы зерттеулер көрсеткендей, үйі мен жұмысының арасында өмір сүретін, ешқайда ұзап шықпаған, белгілі бір адамдар тобымен ғана араласатын адамдарға өмірдің басқаша болуы мүмкін екенін елестету қиын. Адам түрлі тәжірибеден өтіп, өзінен ерекшеленетін көптеген адамдарды көргенде ғана оның толеранттылық деңгейі жоғары болады. Сонымен қатар, үнемі жаңа нәрсеге ұмтылу мидың жұмысын дамытады.

Ал, адам үнемі бір орында отырса ой-өрісі тарылады, психикалық тұрғыдан қарапайымдылық қалыптасады. Бір қызығы, бұл сипаттамадағылар қатарында қарапайым адамдар ғана емес, үлкен лауазымды қызметтегілер де бар. Олар да алтын жалатылған қорапта өмір сүріп, бірдей маршруттармен жүреді. Оған қоса, өзін дүниенің тұтқасын ұстап тұрған, ненің дұрыс екенін анық білетін адам ретінде сезінеді. Бұл ретте ең бақытты адамдар – орташа табысы бар, еркін кәсіп иелері. Оларда күнкөріс қамына алаңдамауға ақша жеткілікті, саяхаттауға да мүмкіндік бар. Саяхаттай қалса да, қайда жүргенін түсінуге білімі жетеді. Сондықтан, әр адамның өмірін бірсарынды қалыптан өзгертуге тырысқаны дұрыс.

Пропаганданың тағы бір айқын белгісі – үгіт-насихаттың тым агрессивті болуы. Сол арқылы ол

адамдарға тегін эмоциялар береді. Адамдарға аса мән бермейтін мәселелер бойынша пікірлерді таңдау тиімді болатыны да содан. Жеке адам бұл ақпараттық соғыста бір жақты тандап, соған жанкүйер бола алады. Одан адамның өзіне келіп-кетер ештеңе жоқ. Ал, авторитарлық пропагандаға тыңдаушының үнсіз келісімі ғана қажет. Адам қарсылық көрсетпеуі, «анық ақиқатқа жету мүмкін емес, бәрі өтірік айтады» деген әсерде қалуы керек.

Саясат тақырыбындағы үздіксіз ақпараттық соғыстың зияны көп. Тіпті, саяси көзқарастар салдарынан ажырасулар да орын алып жатады. Әлеуметтану саласындағы зерттеулер көрсеткендей, көбіне үш мәселе – ақша, тұрмыстық қиындықтар мен саяси немесе идеологиялық көзқарастар отбасының бұзылуына жиі себеп болады екен. Сондықтан адамның жеке өмірі үшін де саяси көзқарас маңызды.

Ал, саясатқа мүлдем қызығушылық танытпау одан да қауіпті. «Саясатпен айналыспаң, саясат сенімен айналысады» деген қағида бүгінде ескілігін жойған жоқ. Азаматтардың соншалықты деградацияға ұшырап, тіпті өздерін кімнің қалай басқарып отырғанына бас ауыртпауы – авторитарлық биліктің ең үлкен арманы. Себебі саясат – билікті бөлу. Егер адамдар саясатқа қызығушылық танытпаса, талқыламаса, онсыз да шексіз ресурсқа ие адамдар тобы ойына келгенін істеуге мүмкіндік алады. Ешкімнің пікірімен санасудың қажеті болмаған соң, олар барлық шешімді өздері қабылдап, барлық игілікті өзара бөліседі. Бұл ел болашағы үшін өте қауіпті. Сондықтан, әрбір азамат үшін саяси мәдениет пен сауаттылықты арттыру – басты мақсат болуы тиіс.

Орта тап деген кімдер?


Иә ол өзін-өзі толық қамтамасыз етті, Үкіметке алақан жаймады, жылап-еніреп жәрдем сұрамады, қайта мемлекетке салық төлеп тұрды.

Өзін-өзі толық қамтамасыз ететін осындай орта тап, қарап тұрсаңыз бізде баршылық екен. Алайда осы меншік иесіне айналған орта таптан суырылып шығып, зауыт-фабрика иесі атанған, отандық бұйым жасап, қазақстандық бренд қалыптастырған, сөйтіп импортқа тосқауыл қойған, жұмыс орнын ашқан, сөйтіп жұртты да жарылқап, өзі де миллионер болған адамды көрмедік.

Қазір шағын және орта бизнеспен айналысатындар қанша процент екенін қайдам, бірақ дүкен, базар ашып Қытайдың импорт тауарын сатқан анау ағам сияқтылар 50-60 процент түгілі, 100 процент болса да металл мен мұнай экспортына тәуелділіктен құтылмасамыз бесенеден белгілі болды, қоғамда тұрақтылық орнай қояды деген дәмеміз де желге ұшты.

Шын мәнінде қоғамды алға сүйрейтін өлшем ол емес болып шықты. Қоғамды алға сүйрейтін ғылым-білім иелері ғалымдар, дарынды адамдар екені ескерілмеді. Осы қате түсінік отаншылдық рухты түлетуден гөрі ақшаның үстемдігін арттырып жіберген жайы бар. Ақшаның үстемдігі жемқорлыққа жол салды. Жемқорлық ой еңбегіне сүйеніп адал ақша табу ниетін түншықтырып, бармақ басты, көз қысты сыбайласы арқылы арам ақша табу пияғын ұдетті. Халық соған тәрбиеленді.

Сондықтан дүкен, базар, респоторан ашудан әріге бара алмай-
1-бет



тындарды орта тапқа жатқызуға болмайды. Орта тап деген – байдан кедейлеу, кедейден байлау адамдар емес, орта тап деген – өмірді жақсы жағына өзгертуге қабілетті ғылыммен айналысатын дарынды шығармашылық адамдары. Олар – экономикада да, технологияда да, ғылымда да, мәдениетте де, әдебиетте де жол көрсете алатындар. Жоғарғы тап пен төменгі тапты байланыстыратын білімдарлар. Бұлай айту да дәл емес, орта тап деген – халықты қаржылық жағынан да, діни наным-сенім жағынан да қажет қаржылы, бір-біріне қарсы тұрудан сақтайтын, екеуін жымдастырып дамуға жетелейтін әлеуметтік, рухани күш.

Дарындылық, білімділік баға жетпес капитал екеніне ешкім дауласа қоймас. Міне, осы интеллектуал адамдар тобынан тұратын орта тап тұрақты әрі қомақты табысқа ие болып, ой еңбегімен алаңсыз айналысқаны қоғамға пайда.

Осыған дейінгі орта тапқа

деген қате түсінік ақша капиталын ғылым-білім капиталынан үстем етіп жіберді. Еліміздегі ғылым саласы, рухани шығармашылық әлеуеті осы отыз жылда адам айтқысыз құлдырауға ұшырағаны содан. Дарынды, білімді адамдардың жаңа технология жасайтыны, ұлттың рухын көтеретін құндылық тудыратыны ескерілмеді. Ой еңбегімен шұғылданып тұрған құрауға тиіс орта тап қоғамда шешуші күшке ие еді. Міне, осы жаңа қоғамға керекті интеллектуалды еңбекке негізделген орта тап идеологиясы болмағандықтан, керісінше идеологияны терістейтін түсінік (байдан кедейлеу, кедейден байлау деген) қалыптасып қалғандықтан, дарындылар дарынсыздардың тасасында қалып қойды.

Орта тап – ой еңбегімен айналысатын шығармашылық адамдары көтеріле эволюция болады. Заң шығарушы Парламент депутаттары мен мемлекеттік қызметкерлердің осы

жаңа орта таптан көбірек шыққаны қоғамға тек пайда әкелмек.

Сондықтан мемлекеттің дарынды, білімді адамдарға деген көзқарасы айрықша болуы тиіс. Бірақ бізде осыған дейін олай болмады, отандық ғылым мен қоғам тынысын тамыршыдай тап басатын шығармашылық күш қолдан түншықтырылды. Ой еңбегімен қаржы табу мүмкіндігі шектелді. Олардың білім капиталына қаржылық капиталы сай болмады. Сол себепті дарынды ғылым адамдары шетелге кете бастады, кете алмағандары кез келген ақша төлейтін бөгде жұмыстарға жетілі. Талантты қаламгер халтурщикке кітап жазуға жалданды. Сарай ақынына айналды.

Енді жерде қоғамды алға сүйрейтін интеллектуалға негізделген орта тапты қалыптастыру бағытымызды айқындай түссе керек.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы

Хоббидан басталған қарекет

Алма, алмұрт, шие және жүзім көшеттерін де отырғызған. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкер деуден гөрі шаруа адамы деуге әбден келіңкірейді.

Айтпақшы, жылыжай тақырыбын да жіті зерттеп жүрген қармақшылық кәсіпкеріміз – осы. Өзі де шағын жылыжай салып, салат жапырақтарын өсіріп жүр. Кәдімгі дәмханаларда сіз бен біз сүйсініп жейтін түрлі салатқа қосар өсімдік-дәмдеуіштерді шығарады. Оны да өзінің дүкендерінде сатуға қойып отыр.

– Алдағы уақытта жылыжай мәселесін толықтай қолға алмақпын. Түрлі салат жапырақтарымен қоса, көкөніс те өсірмекпіз. Бұл жағынан Ақай, Төретам және Байқоңыр қаласын қамтуға болады. Сырт-
1-бет

тан тасымалдағанша, өзіміз өндірсек, баға да тұрақты, қымбатшылыққа да ұрынбаймыз, – дейді кәсіпкер.



Өз кәсібімен өзгеге үлгі болып жүрген Ерлан дүкен мен шағын маркеттегі қызметкерлерді есептегенде осы құсханасында 5 адамды жұмыспен қамтыған. Келешек құс шаруашылығын кеңейтуді ойлайтын ол жақын арада сырт елдерден тауықтың түрлі сорттарының жұмыртқасын алдырмақшы.

Айта кету керек, Қармақшы ауданы бойынша 3888 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны – 3502. Шағын және орта кәсіпкерліктің арқасында 6 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Ал мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданда 540 жоба іске қосылып отыр.

Қармақшы ауданы

Аудан жаңалықтары

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНЕ КОНТЕЙНЕРЛЕР ҚОЙЫЛДЫ

Қызылорда. Қызылорда қаласында орналасқан көкқабатты тұрғын үй аудаларындағы белгіленген тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаратын арнайы орындардың жанына нан қалдықтарын тастайтын контейнерлер орналастырылды.

Бұл жоба Қызылорда тұрғын үй шаруашылығы мекемесі мен «ТМД Құрылыс» тұрғын үй кешені арасындағы ынтымақтастық меморандумына сәйкес жүзеге асуда. Аталған мекеме жиналған нан қалдықтарын сұрыптап, тазалап, төрт түлікке азық болатын жем өндіретін. Дәл қазір контейнерлер қала орталығындағы Демесінов көшесі, Тәуелсіздік даңғылы бойындағы 1 үй алауына және «Универсам» ықшам аудандарының көкқабатты тұрғын үйлер алауына орналастырылды. Меморандум негізінде қаланың барлық аумақтарына арнайы контейнерлер орналастыру жоспарлануда.

АУДАНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Арал. Аудан әкімі С.Сермағамбетов Жетес би және Райым ауылдық округтерінде болып, жергілікті халықтың мәселелері мен талап-тілектерін тыңдады. Елді мекендерді аралау барысында алдымен медициналық бекеттер мен амбулаторияларға барып, гимназистардың қазіргі жағдайын және тұрғындардың денсаулық ахуалын білді. Оған соң аудандағы жыл көлемінде атқарылған жұмыстар мен жүзеге асырылған ірі жобалармен танысты.

Аудан әкімі өткен жылғы жұмыстар негізінен қуаңшылықты еңсеруге бағытталғанын айтып, соған сәйкес шаруаларды жем-шөптен қамту және қазыған су ұңғымалары мен каналдар туралы хабарлар етіп, бұл шаралар әлі де жалғасатынын жеткізді. Биылдан бастап ауыл шаруашылығы саласын балық, мал және егін шаруашылығы бағыттарында дамыту жоспарлануына сәйкес, 11 ауылдық округте егін шаруашылығы қолға алынатындығын айтып. Оң өзгерістерді саралап шыққан соң тұрғындардың өтініш-тілектеріне құлақ асып, олардың сауалдарына жауап берді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Қазалы. Қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, аудармашы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ахмет педагогикасы – ұлттық педагогика құндылықтарының қайнар бастауы» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

Ұлт ұстазының есімін ұлықтау шарасына Қазалы ауданы білім бөлімінің басшысы Әділхан Оңдасынұлы, бөлімнің әдістемелік кабинет меңгерушісі Лаура Разаққызы, әдістемелік кабинет әдіскерлері, білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Семинар-кеңес «Сахна сыры» мектеп театры өнерпаздарының әзірлеуімен «Ахмет және Алаш арыстарының тағдыры» тақырыбындағы сахналық қойылыммен ашылып, Ахмет Байтұрсынұлы өміріндегі негізгі оқиғалар көрсетілді. Одан әрі ғалымның аудармаларын драма үйірмесі сахналады. «Домбыра-дастан» домбырашылар, «Шашу» би үйірмелерінің таныстырылымы көпшілік назарына ұсынылды.

СПОРТШЫЛАР ЖОЛДАМАСЫ

Қармақшы. Жосалы кентіндегі дене шынықтыру спорт кешенінде бір спортшылар ардагерлер, ересектер, жастар, жасөспірімдер және жас жеткіншектер арасында Қазақстан Республикасы чемпионатына іріктеу сайысы өз мәресіне жетті.

Облыс біріншілігіне жерлестеріміз қатысып өз салмағында жеңімпаз атанып, сәуір айында Түркістан облысы, Шардара ауданында өтетін Қазақстан Республикасының Чемпионатына 4 спортшы жолдама алды.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН КЕЙУАНАҒА ҚҰРМЕТ

Жалағаш. Аудан әкімі Асылбек Шәменов тағдыры тағалыма, ғұмыры ғұбратқа толы аналардың шаңырағында болып, құрмет көрсетті.

Ең алдымен аудан әкімі 103 жастағы тыл ардагері Байбаша Қайырбаеваның шаңырағында болып, абзал анаға гүл шоқтарын, сыйлықтар топтастырылған себетті және құттықтау хатын табыс етті. Ардақты жаннның өмір жолы өзгелерге үлгі екенін атап өтіп, батасын алды.

ЖӨРМЕҢКЕ

Сырдария. «Байқоңыр» ӘКК» АҚ ұйымдастыруымен Тереңөзек кенті Алінақбаров көшесі бойында әлеуметтік маңызды бар азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жөрмеңкеде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ тарапынан аудан тұрғындарына арзан бағада әлеуметтік маңызды бар азық-түлік өнімдерін әкеліп, нарық бағасынан төмен ұсынды. Мәселен, қармақшы жармасы келісі – 410, күнбағыс майының 1 литрі – 625, картоп – 132, сөбіз – 129, күріш – 170, қант 262 теңгеден сатылды.

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ

Шиеді. Аудан әкімі Нариман Мақұлбековтың қатысуымен Шиеді ауданының еңбек ардагері Ысқақ Мақашовтың өмір жолы мен қызметіне арналған «Қазыналы қарт Ысқақ Мақашов 90 жаста» атты танымдық кеш өтті.

Мерейлі кеште аудан басшысы еңбек ардагерінің аудан дамуына қосқан үлесін айтып, дәстүрге сай шапан жауып, сый-құрмет көрсетті. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде арқылы.

– Ысқақ Әбілқайымұлы өмірдің талай ауыртпалығынан өтіп, жастайынан сұрапыл соғыс жылдарында еліміздің ертенгі келешегін ойлап, тылда аянбай еңбек етіп, майданда жүргендерге дем берді. Сол заманда аянбай еңбек еткенінің, маңдай терінің арқасында, бүгін халқымыз бейбітшілік заманда өмір кешуде, – деді аудан басшысы.

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жанакорған. Өнер – елдің мұрасы, рухани азығы. Ғасырдан ғасырға жалғасын келе жатқан көне сәлт-дәстүрлер жыл өткен сайын қайта жаңғырып, мәдениет мерейі өсіп, төл өнер талай тұғырларды бағындыруда.

Ауданда дара кәсіпкер Индира Увайдаева «Тұрғанбай» өнер орталығын ашты. Ашылу салтанатына аудан әкімі Р.Рүстемов қатысып, өнер орталығының жұмысына сәттілік тіледі. Өнер орталығында ұлттық би, домбырамен ән салу, көркемөз оқу, актерлық өнер, колөнер, сурет салу үйірмелері бойынша жас дарындарға дәріс берілетін болады.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Кейінгі кезде Мұстафа Шокайдin туған жері мен туған жылы туралы қисынсыз әңгімелер көбейіп, түрлі пікір айтылды. Әрине, тұтас ғұмырын туған халқының азаттығына арнаған М.Шокайдin өмірі мен күрескерлік жолы туралы қызығушылық танытушылардың көбейгені бізді қуантады. Себебі, Алаш ардақтыларының ішінде Мұстафа Шокай туған еліне кештеу, 1990-жылдары орады. Кенестік дәуірде оның атын атауға қорқатын кездер де болған. «Жас Алаштың» 2022 жылы 10 ақпандағы санында журналист А.Сәулебектің мақаласындағы кейбір мәселелер көпшілік оқырмандарды толғандырды. Дегенмен, кез келген зерттеу тарихи дерекке негізделсе орынды болар еді. Қолда бар тарихи деректі талдап, сын елеңнен өткізу – ғылым талабы. Осыз жасалған пайымдау мен тұжырым абстрактілі пікір қалыптастыруға әкеліп соқтырады, тек зерттеушіні ғана емес оқырмандарды да үлкен қателіктерге ұрындырады. Екінші мәселе – негізге алынған деректердің ғылымилығы, нақтылығы. Мәселен, деректерді зерттеу жұмысында қолдануда бүгінде тарих ғылымында, тіпті студенттердің өзі курстық, дипломдық жұмыстарында ғаламтордағы уикипедия мәліметтерін дерек көзі ретінде қолданбайды.



М.Шокай: ДЕРЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Рас, кезінде кенестік идеология ықпалымен жазылған С.Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» кітабы Мұстафа Шокай туралы теріс пікір қалыптастырып, көпшілікті адастырды. Тіптен, 1980 жылдардың ортасында «Арал қорына» 100 мың сом саламын деп ақын М.Шахановты, жазушы Ә.Таразиді, Қызылорда облысының басшысы Н.Әуелбековті сендірген, өзін КГБ полковнигі, барлаушы деп таныстырған Байдрахман Садықовтың Мұстафа Шокай туралы ойдан құрастырған аңызына да сеніп қалдық. Кейін оның кім екенін, М.Шокай туралы айтқандарының жалғандығын КГБ ардагері, зерттеуші Әмірхан Бәкіров ашып берді. Өкініштісі, Б.Садықовтың айтқандарын негізге алып жазылған кейбір кітаптардағы М.Шокайдin туған жері туралы мәліметтер «Ақмола» энциклопедиясына да еніп кеткен.

М.Шокайға әділ баға беру, оның саяси қызметін бағалауға сонау кеңес заманының өзінде-ақ алғаш түрлен салған жазушы Әнуар Әлімжанов болатын. Ал, 1990 жылдары Сыр өңірінде алғаш рет С.Ибраһимов, А.Бәкіров, Б.Атабаев елдегі ауызекі дерек көздері мен архивтік материалдарға сүйеніп арнайы кітап шығарды. Кейін белгілі мұстафатанушы ғалым, академик Д.Кішібеков, профессорлар М.Қойгелдиев, К.Есмағанбетов, Б.Садықова, М.Қыдырәлі, түркиялық ғалым Ә.Қара, сондай-ақ, белгілі ақын, публицист Қ.Бегманов және т.б. қайраткерді әр қырынан қарап, кешенді түрде зерттеді.

2015 жылы Сыр өңірінде Мұстафа Шокайдin 125 жылдығына арналған «Мұстафа Шокай – Алаштың алып тұлғасы» атты алғаш республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жалпы конференция дегеніміз – белгілі бір өзекті тақырыпты талқылауға арналған ғалымдардың пікірталас алаңы. Онда әр ғалым өз зерттеулерін ұсынады, баяндама жасайды. Осы конференцияда Мұстафа Шокай тұлғасына жаңа қырынан танытқан кәсіби тарихшылармен қатар кенестік стереотиптік санада қатып қалған кейбір ғалымдардың болғанын да, ұлттық рухы тасыған, бірақ зерттеу жұмысында методологиялық қателерге бой алдырған жас магистрлер де баяндама жасағанын да жоққа шығармаймыз.

Тарихи сананы қалыптастыруда аталған конференцияның ролі ерекше болды, қызу пікірталас нәтижесінде Алаштың алыбы М.Шокай тұлғасын халық толық таныды, сен бұзылды. Дегенмен, әлі де елімізде кейбір басшылардың Мұстафа

Шокай туралы көзқарастарында жалтақтылық, сыңаржақтылық та жоқ емес екенін мойындауымыз керек. Жоғарыда аталған конференцияда қабылданған қарардың нәтижесінде 2016 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде К.Есмағанбетовтың ғылыми жетекшілігімен «Мұстафа Шокай» ғылыми орталығы құрылды. Бүгінде аталған орталық қазақстандық және шетелдік ғалымдардың басын біріктіріп қайраткердің мұрасын зерттеу ісімен айналысуда. 2016 жылдан бері орталықтың ұйымдастыруымен М.Шокай мұраларын зерттеу мәселесіне байланысты бірнеше телехабарлар түсіріліп, 3 халықаралық, республикалық конференция өткізілді. Ғылыми мақалалар, монографиялар жарыққа шықты, бірнеше магистрлік диссертациялар қорғалды. Бүгінде орталықтың басшылығымен университет ғалымдары «Мұстафа Шокай» тұлғалық энциклопедиясын даярлауда, қайраткердің төрт жүзден аса түрік шағараты, француз, поляк тілдерінде жазылып қазақ тіліне аударылмаған мақалалары аударылууда. Орталық төрне қайраткердің туғанына 130 жылдығына Мұстафа Шокай қоғамдық қорының демеушілігімен қайраткердің жұбайы Мария Шокаймен тұрған бюсті қойылды.

Мұстафа Шокайды зерттеуге алғаш қалам тартқандардың бірі С.Ибраһимовтың 1993 жылы жарық көрген, әлі күнге дейін құндылығын жоймаған «Мұстафа Шокайды» атты кітабында (6 бет), 2006 жылы осы кітапқа сүйеніп жазылған Е.Қосжанов, Ә.Пірманов жазған «Киелі Сыр» кітабында (201 бет): «Мұстафа 1890 жылы 7 қаңтарда қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Бірінші мамыр» кеншарына қарасты «Әулиетораңғыл» деген жерде дүниеге келген деп жаза отырып, жақшаның ішінде («Наршоқы» деп те аталады) деп екіұдай пікір қалдырады. Бұл жерде авторлар нақты деректің жоқтығына байланысты осылай жазса керек. Осы пікірді негізге алған кейбір зерттеушілер бүгінде оны сансаққа жүгіртіп, Мұстафа Шокайдin туған жерін «Әулиетораңғыл» атымен аталған басқа да жерлермен шатастырады. Шын мәнінде, ертеден қазақ халқы тораңғыл ағашын өте киелі ағаш санаған, ол естегін алқаптарды «әулиелі жер» деп есептеген. Мәселен, қазіргі Шиелі ауданына қарасты Тартоғай ауылы тұрғындарында қарасты бастау алатын, кенестік дәуірде салынған «Жаңа Сұлутөбе» каналы бойында Майлытоғай ауылына жақын жерде,

бір жағы «Қызылқөл» деген жермен жалғасып жатқан тораңғыл өскен жер де, одан дария ағысымен сал төмен, қазіргі Сұлутөбе бекетінен 18 шақырымдай жердегі көне жұрт орны да «Әулиетораңғыл» атаумен аталады.

Деректерге сүйенсек нақ осы жерде Торғай датқаның үшінші ұлы Әліш төрт сыныптық мектеп салдырған. Нақ осы «Әулиетораңғыл» мекенінің жұртынан оңтүстік шығысқа қарай «Көксу» жаңа сағасының маңында Оразай ишан кесенесі, «Қызыл үй», «Итаяқ» атты жерлер дарияның жоғары ағысына қарай орналасып, 16-бекет, Майлытоғай, Тартоғай бағытында тораңғылды жерлер жалғасып кете береді. Ал, белгілі журналист Қ.Бегмановтың «Мұстафа жолымен» атты кітабында Мұстафаның ұлы атасы Торғай датқа көзі тірісінде үлкен ұлы Шокайға еншісін бөліп беріп, қазіргі Сұлутөбе ауылы маңындағы «Наршоқы» алқабына қоныстандырады. Бүгінде «Наршоқы» деп Сұлутөбе бекетінен 14-15 шақырым жердегі үлкен құм төбені атайды. Он жыл болып басқарған Шокай елді диқаншылыққа баулу мақсатында Боктыбай деген туысына басы «Көксу» бастау алатын арық қаздырып, Сұлутөбе маңынан су тоғанын жасап, жергілікті халық оны «Әулидекөл», кейін орыс мұжықтарымен арадағы болған су таласына байланысты «Жанжалкөл» деп атап кеткен. Осы келген сағасын алатын, теміржолдың көпірі астынан өтіп «Бірінші мамыр» ауылына дейін баратын «Құмжарған» арығын да Боктыбай мұрап қазса керек.

Көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағанбетов зерттеулерінде де Мұстафа Шокайдin қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданының жеріндегі Сұлутөбе теміржол стансасынан он бес шақырым жердегі «Наршоқы» мекенінде 1890 жылдың 25 желтоқсанында дүниеге келгенін айта келіп: «1890 жылы көктемде Сырдария қатты тасып, «Әулиетораңғылдағы» мектеп үйі судың астында қалады. Шокайдin да, оның басқа туыстарының да ауылы «Әулиетораңғылдан» «Көксу» өзенінің сағасындағы «Наршоқы» деген мекенге қоныс аударды. «Наршоқыда» Әліш мектеп ашу ісін қайтадан қолға алып, мектеп үйін салдыртуға Ташкенттен арнайы құрылыс маманын шақыртады. «Наршоқы» құмында орналасқан Шокай қыстауының жанында бой көтерген жаңа мектеп үйі 1896 жылы шәкірттер қабылдайды. Алты

жасар Мұстафа ағасы Сыздық, немере ағасы Бәкірмен бірге алғашқылардың бірі болып осы мектеп табалдырығын аттайды. Күйдірген қыштан салған екі бөлмелі мектептің құлаған орны, қора-қопсылардың ізі әлі күнге дейін сақталған. Шокай би де, Әліш және Мұстафаның басқа туыстары да осы маннан 300-400 метрдей жердегі қорымда жерленіпті» делінген (Мұстафа Шокай шығармаларының 12 томдық жинағының 1-томы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 30, 33-беттер). Ендеше көктемгі су тасқынынан Шокай ауылы «Әулиетораңғылдан» «Наршоқыға» көшкен десек, 1890 жылы желтоқсанда Мұстафаның «Наршоқыда» дүниеге келгені айдан анық. Оған ешкімнің дауы болмауы тиіс. «Наршоқы» мен «Әулие тораңғылдың» арасы өте жақын. Деректерде «айқайлаған адамның дауысы жетеді» деп айтылады. Түркиялық тарихшы-ғалым Абдуқап Қара да өз еңбегінде де Мұстафа Шокайдin «Наршоқы» ауылында дүниеге келгенін жазады («Мұстафа Шокай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. Арыс баспасы, 2004 ж. 12-бет). Бір ескеретін жайт Ә.Әлімжанов, Д.Кішібеков, М.Қойгелдиев, К.Есмағанбетов зерттеу жұмыстары барысында әрқайсысы Сыр өңіріне арнайы келіп, «Наршоқыда», «Әулиетораңғылда» болып, қалған жұрттың орнын өз көздерімен көрген. 1990 жылдардағы елдегі экономикалық қиындыққа қарамастан сол кезде құрылған «Мұстафа Шокай» қоғамдық қорының президенті Б.Атабаевтың бастама-сымен ағайындары өз мүмкіндіктеріне қарай Мұстафаның туған жері «Наршоқыға» арнайы уақытша белгі қойылған. Ендеше Мұстафа Шокайдin осы жерде дүниеге келгені айдан анық дәлелденген.

Бірақ мақаланы жазудағы басты мақсат бұл емес. «Жас Алаштың» Мұстафа Шокайдin туған жеріне ескерткіш салу туралы көтерілген мәселені мұстафатанушы ғалымдардың барлығы қолдайды. 1917 жылы Торғай қазақтарының Орынбордағы съезіне барғанда Мұстафа Шокайға Аманкелді Имановтың атынан қыпшақ руының кісілері келіп, төре Әлихан Бөкейхан, арғындар Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына қарсы күресте саяси жетекші болуын өтінген. Мұстафа Шокай: «...Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтың көсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халық азды» деген екен.

Мұстафа Шокай – тек қазақ ғана емес күллі түркі халықтарына ортақ тұлға! Ендеше Түркістанның азаттығы үшін күрескен, азаттық күрестің стратегиясын жасаған, Түркістан мұхтарының басшысы, мемлекет қайраткеріне арнап ескерткіштердің еліміздің әр қаласында, әр ауылында тұруы халқымыздың ұлттық рухын көтереді. Көшелерде Мұстафаның тәуелсіздік, атамекен, ұлттық рух, тіл, ұлттық мүдде жайындағы нақыл сөздері жазылып, суреті, әр білім беру ұйымдарында, әр мекеме басшысының кабинетінде, әр қазақтың төрінде ілініп тұрса, ұлттық мүддені өз мүддесіне жоғары қоятын, кеудесінде намысы бар ұлтжанды жастарымыздың көп болуына септігін тигізеді сөзсіз. Азаттық үшін күрескен Алаш қайраткерлерін, олардың мұраларын зерттеуге, насихаттауға ғылыми ұйымдарға мемлекет тарапынан қолдау болып тұрса, тарихымызда әлі талай алтын көмбелердің ашылатыны сөзсіз.

Профессор Көшім Лекерұлы еңбегінде мынадай деректер де келтіреді: «Мұстафаның немере ағасы Әліштің (Әлімұхамед) қыстауы кезінде «Наршоқыда» болғанымен, күзделді қаршоқы «Бірінші мамыр» ауылындағы Ғани ақсақалдың осы кездегі үйі маңайында өткізеді. Ол жерден жарты шақырымдай жерде Әліштің кірпіштен салған үйі болады. Онда Мұстафаның інісі Нұрғазы, кейін Палымбеттің ұлы Кенжеғұл тұрады. 1927 жылғы күз айларының бірінде

Әліштің үйіне Мұстафаның хабарын білгелі М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов келеді. Шай шіліп болғаннан кейін Палымбетұлы Кенжеғұлды, Нұрғазы Шокайды ертіп көлге құс атуға барады (бұл да сонда, 253-бет). Бірақ Әліштің күздеудегі үйінің қашан салынғаны, Мұстафаның ол үйде туғаны немесе тұрғаны туралы дерек жоқ.

Ендігі бір даулы мәселе – Мұстафаның туған жылы. Кей деректерде 1889 немесе 1891 жыл деп көрсетіледі. Мұны 1918 жылы 26 қаңтарда Халком Кенесі шешімімен большевиктердің григорияндық күнтізбесіне енгізілуімен байланыстырып пайымдауға болады. О.Сәрсенбаев М.Шокайдin туған жылы 1886 жыл деп есептейді (503 бет) (Мұстафа Шокай. Таңдамалы. – Алматы, «Қайнар» 1.1, 1998).

Әрине бұл пікірдің нақты емесін кейінгі табылған құжаттар дәлелдеп шықты. Мәселен, Мұстафаның туған жылы туралы оның жары Мария Шокай естеліктерінде «1916 жылы танысқанда Мұстафа 26 жаста болатын деп жазады (Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана. Алматы, 2001.) Ал, М.Шокайдin жақын серіктері А.Октай, Т.Шағартай, М.Делілі, т.б. 1890 жылдың 7 қаңтарында туған дейді. (M.Delil. Türkistan türkerinin büyük milliyetçi ve yurtseverlerinde Mustafa Çokay albümü. İstanbul, 1942). Оған себеп авторлар Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің мәліметтеріне (50-к. 1-т. 387-іс, 199-п.) сүйенсе керек. Осы қордағы енді бір құжат М.Шокайға 1910 жылы 2 маусымда берілген көмелеттік аттестатта ол 1890 жылы желтоқсан айында туып делінсе, Санкт-Петербург университетін бітіргеннен кейін оған Ресейде берілген паспортта «1890 жылы туған», 1924 жылы 8 қыркүйекте Парижде алған анықтамалық (тіркеу) куәлігінде және 1925 жылы 24 наурызда Англияға сапармен келгенде толтырған тіркеу куәлігінде де «1890 жылы 25 желтоқсанда туған» деп жазылған.

Тіпті, Ресей мемлекеттік әскери архивінен табылған М.Шокай қайтыс болғаннан кейін толтырылған неміс құжаттың да «1890 жылғы 25 желтоқсан» деп көрсетіледі (РГВА. Ф.1358к. Оп.3. Д.456). Профессор Көшім Лекерұлының көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде М.Шокайдin 1890 жылы 25 желтоқсанда (ескі жыл санау бойынша) туғаны анықталған. Ресейдің мемлекеттік тарих архивінен М.Шокайдin туу туралы куәлігінің табылуы бұл мәселеге соңғы нүкте қойылған еді. Онда былай делінген: «1902 года 10 марта. Мы, нижеподписавшиеся киргизы №3 Гродковской волости, сим свидетельствуем, что от законной жены одноаульца нашего Чокая Тургаева – Бахтыбаке в 1890 году в декабре месяце родился сын, которому дано было имя Мустафа. В том удостоверям: Алиш Тургаев, Абубакир Алишев, Шаймухамед Дүйсеманов, Палмухаммед Айтымхаммедов расписались. Мулла, давший имя ребенку, Абубакир Алишев расписался. Настоящее удостоверение явлено мне, народному судье Осману Тургаеву. Записано в актовую книгу под №3, что удостоверю приложением должностной печати. Осман Тургаев. Перевел письменный переводчик губернский секретарь Ир. Касымов» (РГИА. Ф.14. Оп.3. Д.281. Л.17).

Табылған және ғылыми айналымға енгізілген деректер негізінде Мұстафа Шокай 1890 жылы 25 желтоқсанда (ескіше) «Наршоқы» мекенінде дүниеге келген деген тұжырым жасауымызға болады. Ғылыми, тарихи деректер негізінде дәлелденген мәселеге сынаржақ пікір білдіру ұлттық тарихымызға, тұлғаларымызға деген немісқұрайлық болуымен қатар, көпшілікті адастыруға мүмкін.

**С. ТАЙМАН,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті
«Мұстафа Шокай» ғылыми
орталығының жетекшісі,
тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент**

● ҚҰМ БАСҚАН ҚҰПИЯЛАР

ҚҰМИЯН

Археолог ғалымдар Сыр бойында көне қалалардың көптігін айтады. Оған дәлел боларлық құтты мекендер баршылық. Соның бірі – Жаңақорған ауданы аумағындағы Құмиян немесе Мейрамтөбе шаһары.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бірқатар ғылыми кітаптарда Құмиян XII-XIII ғасырларда өмір сүрген қала екені айтылады. Көне шаһардың солтүстік-батыс жағындағы бұрышта шағын ғана төбенің орны көзге түседі. Әзірге ғалымдар онда не болғаны жөнінде нақты тұжырым жасай қойған жоқ. Ол қала ішінде құрылыс жүйелері болуы әбден мүмкін дегенді көлденең тартып жүргендер бар.

Құмиянның өмір сүру кезеңі Сыр бойындағы өзге де көне шаһарлармен

сәйкес келеді. Сол бір кезеңде дария бойына жағалай қонған қалалар өзара бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста өмір сүргені тарихта айтылады. Себебі, қайсыбір көне қаладағы сәулет өнері бір-біріне өте ұқсас.

Құмиян атауы қайдан шықты? Оны зерттеушілер құм деген тіркеске қарай отырып, «құмдағы қала» дегенді айтады. Ал оның Мейрамтөбе деген екінші атауы жөнінде ешқандай болжам жоқ.

Ендігі әңгіме ауаның аңызға бұра

кеткеніміз артық болмас. Құмиян немесе Мейрамтөбеде бір қария өмір сүреді. Сол қарияның жалғыз ұлы бар екен. Өлгі кейуана ішере ас, киерге киім таппай жүрген келдей болған көрінді. Қолында жар дегенде жалғыз ешкісі болған дейді. Бұл отбасы сол ешкінің сүтін қорек етеді екен. Қалған сүтті ыдысқа құйып, басқа бөлмеге сақтап қояды. Дегенмен кейуана күндердің күнінде мынадай жағдайды бастан өткізеді. Белгісіз біреу ыдыстағы сүтті ішіп, оның орнына бір дилдәдан қалдырып кетеді. Кейуана бұл құбылысқа таңғалып, осы жағдайдың себебін біле алмай, дал болады. Бұл көрініс күнделікті қайталан береді. Бұрын қоныртөбел тұрмыста өмір сүрген отбасы көп ұзамай-ақ байып шыға келеді.

Осылайша күндер өтеді. Кейуана жұмбақ сырдың құпиясына үйілуге

тырысады. Сол арқылы көңілдегі сауалдың түйіні шешіледі. Жұмбақ құбылыстың басты кейіпкері қадімгі жылан екен. Қарияның көргеннен кейін жылғанға тіл бітіп, өзі жайында ешкімге тіс жармауын сұрайды. Егер бұл құбылысты басқа адамдар сезіп қойса, бүкіл шаһар жыландар шабуылына ұшырайтынын айтады.

Даулетті өмір сүре бастаған қарияның жағдайынан шаһар басшысы да хабардар болады. Оны арнайы шақыртып алады. Баю себебін сұрайды. Кейуана жыланның айтқаны есіне түсіп, жауап бермей, сытылып шығуға тырысады. Өкініштісі, шаһар басшысы нақты жауап алмайынша, қарияны босатпайтынын айтады. Осыдан кейін қысым көрген кейуана болған оқиғаны баяндап береді. Содан соң жылан да көрінбей кетіпті.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін қалаға жыландар шабуылы басталып кетеді. Әркім қарақан басының қамын күйттейді. «Балапан басына, тұрымтай тусына» дегендей күй кешеді. Соның салдарынан Құмиянда тұратын халық қынадай қырылады. Бұл шабуылдан екі адам тірі қалып, қаладан қашып шығады. Алайда олардың соңынан бір жыландар шығады. Екі кісі Бұқараға мал айдаған адамдарға қосылады. Болған оқиғаны оларда баяндап береді. Өлгі екі адамның бірінің қолында кеткен, екіншісінің қолында жеті таба нан бар екен. Оқиғаны естіген азаматтар оларға соларды бастарына қойып тұруға кеңес береді. Олар дәл солай жасайды. Ысылдап келіп, төбеден төнген жыландар кеткен мен алты нанды тесіп өтіп, жетіншісіне келіп тоқтаған екен.

АДАМ – БІР КӨШКЕН КЕРУЕН

Мемлекет қайраткері Кеңес Мұстаханұлы Ауахдиев Алматы қаласы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде СОКП ОК саяси бюросының мүшесі, Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа (партилетті ауыстыру кезінде №00000011) яғни, он бірінші билетті тапсыру салтанатында Қазақ телевизиясының арнаулы тілшісі ретінде сұхбат алған едім.

Бұл – 1973 жылғы қоғам өміріндегі тарихи оқиға. Сол сәтте бірінші хатшы Кеңес Мұстаханұлы қатты толқып тұрды. Д.Қонаевтың сенімді серіктесі әрі лайықты ізбасары бола білді. Кейіннен Алматы қаласының мэрі-төрағасы, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Алматы

қаласы және облыстың іргелі істерінің басы-қасында жүрді. Д.Қонаевтың тікелей басшылығымен Алматы қаласындағы бірнеше сәулет ғимараттары «Медеу», «Қазақстан» қонақүйі, Пионерлер сарайы, Қапшағай қаласы, Қапшағай теңізі, «Үлкен Алматы» қаналы, «Бартоғай» су қоймасы салынды. Сол игі істердің ба-



сында қайраткер Кеңес Ауахдиев болды. Өмірінің соңғы жылдары Д.Қонаевтың есімін мәңгі сақтауға арналған іс-шаралардың ортасында (Қонаев қорының) жүрді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын облыс әкімі Болатбек Қуандықовтың арнайы шақыруымен облысқа тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш премьері Ұзақбай Қараманов, мемлекет қайраткері Кеңес Ауахдиев, академик-дәрігер Камал Ормантаевты әуежайдан күтіп алу, бірге жүру, кездесу ұйымдастыру маған тапсырылған еді. «Сыр – Алаштың анасы» деп аталған өңірде киелі орындарда, Қорқыт баба кесенесінде, әйгілі шайыр Тұрмағамбет ауылында, Марал ғабат кесенесінде, Байқоңыр қалашығында, одан әрі Арал ауданында кіші Арал, «Аманөткел» су тоспасында болды, халықпен кездесті. Сыр өңірінің киелі топырағында Қазақ хандығының төрт астанасы болған тарихи орындар, ұлы тұлғалар Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов туралы мағыналы әңгімелер айтқан еді кездесулерде.

Елі үшін қажымас еңбектің үлгісін көрсеткен, халықтың құрметіне бөленген Дінмұхамед Қонаев та, Ұзақбай Қараманов та, міне Кеңес Ауахдиев те келмес сапарға аттанды. Бұл – тағдыр. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы.

**Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

Әр істің қисыны демекші, Шамшамен қызметтес болып, сәтімен басталған сол ағалы-інілі сыйластық жібі үзілмей, одан әрі беки түскеніне жарты ғасырдан асып, тіпті, алпыс жылға да жуықтап қалған екен. Сынаптай сусынған уақыт, бір пенденің ғұмыры. «Өзіңнен кішіні көріп қартаюсы» деп те қояды бұндайда қазекен тағы.

Институт тәмамдалып, қарт ата-анамыздың ыңғайына орай мұғалім болып жүргеніме екі жыл. Сөйтіп жүріп, аудандық «Ленин туы» газетіне шағын хабарламалар, жазушылардың даталы күндері туралы мақалалар да жолдап тұрамын. Л.Толстойдың «Қатындар» деп аталатын газетке ыңғайлы шағын әңгімелерін де жолдағам. Осылардың да әсері болған болу керек. Күндердің күнінде редакцияға жұмысқа шақырды. Әлдеқалай болады дегендей ойланп көріп едім. Оны айтты, бұны айтты, әйтеуір ақыры көндірді. Сонымен, бірден газет редакциясының еңбекші хаттары және мәдениет, тұрмыс бөлімінің меңгерушісі болып жұмысқа кірістім.

Дәл сол кезде 1965 жылы Қазалы қаласындағы тұрмыс қажетін өтеу комбинаты ұстасының көмекшісі, орта мектеп қана бітірген жұқалтаң сары бала газетке корректор болып келді. Негізіне бақсақ, қауіптілеу шаруа. Редакторымыз жетім-жесір-ге көленкесін түсіре жүретін кең қолтық Сейіл Боранбаев ағамыз көмекке аса мұқтаж баланың қолтығынан демегісі келген болар, бәлкім міндетті жүрде үстінен оқытын тәжірибелі журналистерге сенген де шығар.

Біз, журналистер, бұл ауыр жұмыстан кезектесіп өтеміз. Ал Шамша болса, аптасына үш рет шығып тұрған әр газетке кезекші болады. Бұл – ескі журналистердің бәрине таныс жайт.

Түн жарымнан әрі, таң алдында газетке «уһ» деп қол қойып, қалжыраған кезекші даланың саф ауасынан рахаттана дем алады. Көшеде тірі жан жоқ. Аз қақап тұр. Үруге иттің өзі ерінеді. Бұл кезде жеткізіп тастайтын көлікті ойлаудың өзі ұят. Шамшаның үйінен өзге пана жоқ. Зияда анамыз өз баласы мен газеттің баласына қатар төсек салып қойған, бара құлаймыз. Денсаулығына байланысты өмір бойы отбасы, үй шаруасындағы анамыз аса мейібан жан еді. Ұмытпасам, кендеу бір бөлме болатын. Қабырға қалың кам кіріпші. Ортада пеш. Қонырлау қызыл сырмен сырлаған ағаш еден жалтырап жатады. Жалғыз алаша қозғалсаң болды өзіңнен бірге сырғиды.

Сүйегінде болған соң тізесі майысқан жас талапкер бала міндетті ісін қамшы салдырмай алып кетті. Жұмыс барысында кездесетін тұрмайтын кәсір-шүкір ескертпелер болмаса, ештеңе бүлінген емес. Сонан тілші, одан бөлім меңгерушісі, жауапты хатшылыққа дейін көтерілді. Кейін – газеттің бас редакторы. Әйтеуір Шамша журналистік мазасыз істің қазанында қайнап, барлық баспалдақтарынан мінсіз өтті. Бір қызығы, газеттен нан жеп жүрген соң бұл сабазың журналистика факультетіне түсуі керек-тұғын. Олай етпеді, ол өзінің орта білім алғаннан кейін түскен С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін тастамай, сырттай оқып, бітіріп шықты. Сөйтіп, журналистиканың қыр-сырын қолма-қол, көзбе-көз іс жүзінде меңгеріп, өмірінің басым бөлігін баспасөзге арнаса да, бүгінгі күнге дейін оған мамандығың келмейді екен деген ешкім болған емес. Қайта кейінірек, зейнеткерлікке шығып кеткен оны аудандық «Қазалы» газетінің бас редакторлығына қайта шақырды. Істі еркін меңгерген маман болғандықтан шақырады да. Осы жолғы шақырыс бұны қаржылық жағынан да, маман жағынан да баспасөздің қалжырап тұрған кезеңіне сай келді. Талай ұйымдастыру шаруаларын



ЖҰБЫ ЖАРАСҚАН ЖАНДАР

өткізуге тура келді, жазылымды қолдан ұйымдастырды, қолдан кадр дайындады, тілшілер тартты, шаршады, шалдықты. Ауданның әлеуметтік те, рухани тірліктері туралы талай-талай очерктер мен проблемалық мақалалар жазды. Бүгіндері «Қазалы» газеті облыстағы белгілі басшы болып тұрса, бұнда Шамша Айтуғанов ініміздің де мазасыз күндері мен ұйқысыз түндерінің ізі жатқандығын көзқаракты ағайын жоққа шығара алмас.

Осындай қым-қуыт тіршіліктің арасында жүріп, 1971 жылы көңілдері жарасып, көз алдымызда Шамша мен Құлшат үйленді. Шүкір үлкен отбасы атанып, өмірге бес ұл-қыз әкеліп, тәрбиелен өсірді. Әрбір ұрпағын жастайынан еңбекке баулыды, оқытты. Обалына не керек, алтын асықтай балалары ата-ананың үмітін ақтады. Мектепте тәртіпті, өте жақсы оқыды. Ілестіре жоғары оқу орындарына түсіп, мамандық алды. Ғалымбек, Соулеш, Зәуреш, Ғабит төртеуі де Алматы қаласындағы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып, қалаған мамандықтарын алды.

Әдетте бейімділігі мен кәсібіне байланысты «дәрігерлер әулеті», «мұғалімдер әулеті» деп жатады. Бұл әулетке мықтап қонған – есеп пен зүлте Ейтүғановтарды филолог, журналистер мен математиктер әулеті деп айтуға әбден болады.

Мектепті күміс медальмен бітірген үлкен қызы Соулеш – филолог, әдебиетші. Университетті қызыл дипломмен бітірген ол ғылыми бағытта қазақ прозалық шығармаларын зерттеп, аспирантурада оқып жүріп, ғылым кандидаты атағын қорғап шықты. Жетекшісі белгілі ғалым, марқұм Рымғали Нұрғали болатын. Тікелей басшылық жасап жүрген ұстазы, академик, аяулы ағамыз Зейнолла Қабдоловтың өзі еді. Сәулеш осы мамандығында тұрақтап қалды. Қазір Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде профессор-ұстаз. Ол дарындары жастарға арналған мемлекеттік стипендияның, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» атағының иегері. Бірнеше монография, оқулықтардың авторы.

Мектепті үздік аттестатпен тәмамдаған екінші Зәуреш қызымыз университетті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығымен бітіріп, кейін экономист мамандығын алды. Жоғары білім алысымен осы оқу орнындағы «Экономикалық теория» кафедрасына жұмысқа орналасып, жиырма жылдан астам абыройлы қызмет етті. Экономика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі. Қазіргі уақытта Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлт-

тық университетінде «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары қызметін атқарады.

Университеттен менеджмент саласындағы экономист мамандығын алған Ғабиті әрі жоғары білімді заңгер. Ол 2001 жылдан мемлекеттік қызметте, оның ішінде салық және кеден қызметтерінде жұмыс жасады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің экономикалық тергеу-тексеру қызметінде. Ал, Шамшаның кенжетайы, шаңырақтың иесі Ғабиден де – есеп жағына ден қойды, қаржы саласының жоғары білімді маманы. Еңбек жолын мемлекеттік қызметтен бастап, ҚР Қаржы министрлігінің кендік бақылау комитетінде, Мемлекет кірістер комитетінде қызметтер атқарды. Әрі қарай қызметті ҚР Президентінің Іс басқармасында жалғастырып, бүгінгі күні ҚР Ұлттық банкіде қызмет атқарады.

Қашанда тотеннен мүлде күтпеген кезде келетін оқиға бұл отбасын да айналдырты. Орта мектепті медальмен аяқтап, университет бітіріп, азамат болған шағында үлкен ұлы Ғалымбек аяқасты қазға ұшырады. Бұл ауыр жағдай әкенің де, ананың да жүрегіне айтарлықтай жара салып кетті.

Шамша ініміздің туған жерден табыны тайған емес, ес кіріп, етек жапқалы мұңы да, қайғысы да елмен бірге. Очерктерінің кейіпкерлері – өз замандастары, мақалаларының басты мәселелері – күнделікті сан алуан проблемалар. Қоғам болса өзгеріп жатты. Қай салаға бармасын Шамша өзгерген жол, әйтеуір бар мақсаты өз еліне адал қызмет ету болды.

Әнебір жылдары аудандық газет редакциясында он жыл еңбек еткен Шамшаны жауапты хатшы кезінде, 1975 жылы аудандық партия комитетіне қызметке алды. Табан аудармай жиырма жыл бойы ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1988-1991 жылдары ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Социалтық аудандық саяси атқару комитетінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін ары таза, абыроймен атқарды. Одан 1995 жылы қиын-қиыста кезде сеніп тапсырылған халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімін он бес жыл басқарды. Сол кезде түрлі халықаралық қайырымдылық қорларымен байланыса шығып, тұрмысы төмен отбасыларына киім-кешек, азық-түлік, мүгедектерге арба тасып жүргенін көзімізбен көрдік.

Сонау екі мыңыншы жылдардың өзінде-ақ кемтарларды есепке алып, мекеменің жанынан «Әлеуметтік дүкен» ашып,

тапқан-таянғандарын салып, оларға тегін таратты. Ардагерлердің, денсаулықтары нашар мүгедектердің сауықтыру орындарында тегін жолдамамен кезекпен барып, демалып, емделіп тұруына жол ашты. Еңбек демалысындағы зейнеткерлердің ой-пікірлерімен бөлісіп, тыңдап үнемі ортасында жүрді. Осындай тынымсыз еңбек, адал қызметтеріне риза болғандардың:

Тартынбаған кісі екен,
Қай жұмысқа алса да,
Халықтың сөзін сөйлеген,
Қай қызметке барса да,
Қанасынан аспаған,
Мақтау-марапат алса да,
Құрметпен алғыс айтамыз
Айтуғанов Шамшаға! – деп берген баталары әлі күнге елдің аузында жүр.

Азаматтың абыройы тірнектеп жинаған әрекеттерден құралмақ. Өмір өткелдерінен қайсарлықпен өтіп келе жатқан ініміз сол еңбектерінің игілігін көрді.

Бұл отбасын негізінен тіл жанашырлары деп есептер болсақ, шындықтан алыс кете қоймаймыз. Өзі небір қиын кезеңдерде он бес жыл бойы аудандық басылымның отымен кіріп, күлімен шықты. Одан халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қазалы аудандық ұйымы басқармасының төрағасы, Қазалы ауданы әкімдігі тіл бөлімінің бастығы, келініміз Құлшат Дауылбаева отыз жыл бойы аудандық газетте табан тайдырмай корректорлық қызмет атқарып, осы жерден зейнетке шықты.

Шамша ұзақ жылдарғы халыққа жасаған қызметіне орай 1986 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», егемен ел атанғалы бері Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен, Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына 70 жыл», тағы басқа бірнеше мерекелік төсбелгілермен және облыстық, республикалық Құрмет грамоталарымен, ондаған «Алғыс хат», дипломдармен марапатталды. Кезінде аудандық партия комитетінің мүшелігіне, халық депутаттары аудандық Кеңесінің депутаттығына сайланды. 1974 жылдан КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Қаракесек Ахайұлы Ақтан батыр», «Ақша бұлтты Ақтан батыр», «Ақтан батыр» кітаптарын құрастырып шығарды. Кіндік қаны тамған туған жер тарихы және онан тараған адамдардың тағдыры жайлы «Жанайым – құт мекенім» атты кітап бастырды.

Саликалы азамат болып жетілген, анау жылдарғы ағаш ұстасының көмекшісі, шынашақтай бала Шамша бұл күндері ел-жұртына қадірменді, көлеңкесі мол даракқа айналды. Ең бастысы, әке үлгісі, ана тәрбиесі өзінің тынымсыз адал еңбегі арқылы. Онан қалды өзінің қабілет-қарымы, тынымсыз қарекеті арқылы жетіп отырғанына өз басым куә. Ол өзіне жүктелген қай іске болмасын терең түсініп, алаңсыз белсене кірісті, тапсырылған қай жұмысты да мүлтіксіз атқаруға барын салды. Осы қарапайым адами қасиетінің жемісі бүгінгі күндері нәтиже беріп тұр. Өз игілігін көргей, жақсы інінің жақсы қасиеттері ұрпақтары арқылы жалғаса бергей.

Үстіміздегі жылы жетпіс бес жасқа толғалы отырған, жұбайы Құлшат екеуінің бас қосып, шаңырақ көтеріп, өсіп-өнгеніне жарты ғасырдан асқан інімізді жұбы жарасқан жандар деуге әбден тұрарлық. Олар ата-ана тәрбиесінен тәлім алған ұл-қыздарымен бірге, немерелерінің ортасында қызықтарын көріп, бақуатты өмір сүруде. Ұзағынан болғай!

**Молдахмет ҚАНАЗ,
жазушы, «Құрмет»
орденінің иегері, Қазалы,
Арал аудандарының
құрметті азаматы,
Алматы қаласы**

Қызылорда медицина жоғары колледжінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Сағынышқа айналған сәулелі ғұмыр» атты еске алу кеші өтті. Мазмұнды шара 1962-1991 жылдар аралығында Қызылорда медициналық училищесінің директоры қызметін атқарған Сара Дәуітбаеваның рухына арналды. Сахна шымылдығы колледж студенттерінен құралған аспапты оркестрдің күйімен ашылды.

**Сb Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»**

Қалдырған ізі мәңгілік, санада қалды жаңғырып

Өз саласының үздігі болған ұлағат иесін бірге қызмет атқарған замандастары, Сыр елі жұрты үлкен құрметпен еске алды. Аталған оқу орнында директор қызметін атқарған, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова елордадан арнайы бейнеқұтықтауын жолдады.

– «Жақсы ісімен мың жасайды» деген өнегелі өмір жолында бірге қызмет істеу бақыты маған да бұйырды. Балалар ауруханасында бірге жұмыс істеп ұлағатты жанның тәрбиесін көрдім. Өйткені Сара Төлегенқызының халық денсаулығының жақсаруына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жас мамандардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен тазалықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды азамат етіп қалыптастыруда еңбегі ерен. Оқу орнына ардақты жанның есімін беру туралы ұсынысты қолдаймын. Білім ордасын отыз жылға жуық басқарып, саналы өмірін ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған Сара Төлегенқызының есімі мен еңбегін құрметпен еске алып, аруағына тағзым ету біздің, кейінгі жас ұрпақтың міндеті, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Кеште сөз алған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов ұлағатты жанның есімін жағыртудың ұрпақ үшін өнеге екенін атап өтті.

Мұнан соң колледж ұжымының Сара Төлегенқызына арнаған «Сағынышқа айналған сәулелі ғұмыр» атты естеліктер жинағы таныстырылды. Әріптестерінің рухына арналған жана кітаптың лентасын «Ұрпақтан – ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін төрайымы, қоғам қайраткері Алмагүл Божанова, Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер, облыстың құрметті азаматы Тұрғанбай Маханов, колледж директоры қызметін атқарған, облыстық медицина саласы ардагерлер кеңесінің төрайымы Рая Көзденева кесті.

– Ұзақ жыл бір мекемені басқару – бұл тазалық пен тәртіп. Қызметіне деген адалдық. Сара медицина мамандарын дайындауда оқу-тәрбие ісіне қатты мән берді. Бәрі тапшы уақытта табанды еңбегімен оқу орнын жана ғимаратпен, медициналық құралдармен жабдықтады. Болмысы да ерекше еді. Қай жерде, кімнің алдында болсын ойын тура айтатын батыл, мейірімді болатын. Бір бала жылағаны деп әрбір балаға ерекше көңіл бөлетін. Кейін студенттері де білімді тәртіптен игерді. Ғазиз жанның асыл бейнесі, кісілік келбеті, адамгершілік қасиеттері әлі көз алдымызда, – деді Тұрғанбай Маханов.

Кездесуде әріптестері, достары, шәкірттері естеліктер айтып, рухына тағзым етті. «Анамның көзі де, сөзі де болған киелі шаңырақ – медучилище» деп Сара Төлегенқызының ұлы Серік Аймурзаев оқу орнының ұжымына, әріптестері мен достарына алғысын білдірді. Студенттер концерттік бағдарламасын ұсынды. Өнегелі өмір сүріп, өшпес із қалдырған Сара Дәуітбаеваның есімі Сыр халқының есінде мәңгі сақталды. «Атың өшпей ел аузында жүрсін десең, артына өнегелі ұрпақ, жақсы кітап қалдыр» деп дана халқымыз осындай ұлағатты жандарға қарап айтса керек.

● БІЛІМ

Шиелі ауданындағы №47 М.Ломоносов атындағы мектеп-лицейі – жанашыл идеяларды іске асыруда көпке үлгі болып жүрген білім ошағының бірі. «Үстаз – ұлық қызмет емес, ұлы қызмет» деген Бауыржан Момышұлының ұлағатты сөзін өмірлік ұстанымына айналдырған ұжымның мақсаты – әр шәкіртке білім мен тәрбие беруде креативті идеяларды іске асыра отырып, шығармашылық орта қалыптастыру. Бүгінде мұнда 1100 оқушы білім алып, 137 мұғалім еңбек етеді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН АЛТЫН ҰЯ

Мектеп ғимараты 480 орындық ақт және 36 орындық оқу залдарымен, 280 орындық асхана, 48 оқу кабинеті, 3 зертхана, 3 шеберхана және 5 лингафон кабинетімен жабдықталған. Білім алушыларға жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер тереңдетіліп оқытылып, химия, биология, физика, информатика пәндері бойынша терминология курстары ағылшын тілінде жүргізіледі. «Жасыл мектеп» жобасы аясында теориялық білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын арттыру үшін өсімдік өсірудің түрлі тәсілдерін, атап айтқанда, топырақсыз ортада, арнайы субстраттарда өсірудің гидропоника, малазықтық гидропоника әдістерін қолға алған. Білім алушылар жаратылыстану пәндері зертханасында зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, химия, биология, физика пәндеріндегі білімдерін тәжірибемен ұштастыруда.

– Қазіргі кезде жаңа технологиялардың тұрмысқа дендеп енуі экономикалық ұстанымды, адамдардың өмір сүру салтын және жұмыс күші нарығын түбегейлі өзгертті. Сондықтан мектеп жанынан агро-биологиялық кешен жұмысын ұйымдастыру қолға алынды. Онда физика, биология, химия, география, информатика ғылымдарының эксперименттік зерттеулері ашық аспан астында жүргізілетін болады. Адами капитал – бұл адам бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, іскерлігі, бәсекелестік заманындағы кәсіби құндылығы. Осындай басымдықтарды ескере отырып, мектеп-лицей ұжымы бірнеше стратегиялық жоспарларды іске асыруда. Атап айтқанда, «IT мектеп» жобасы аясында «IT ақпараттық технологиялар», «Цифрлы лаборатория», «3D модельдеу», «Робот техникасы» курстары жүргізіліп, кабинеттермен жабдықталды, – дейді мектеп-лицей директоры Сәуле Нұрманова

Сондай-ақ, білім ордасында әлеуметтік желідегі ақпараттарды сұрыптау, галамтор мүмкіндіктерін сарайлап отырып қолдана білу, ақпаратпен және ақпараттық технологиялармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін биылғы оқу жылынан бастап «Медиасауаттылық» курстары ұйымдастырылған. Одан бөлек, 6-сыныптардағы музыка пәнінен домбыра үйрену бағдарламасының енуіне байланысты «Домбыра» сыныбы ашылып, онда 5-6 сынып оқушылары домбыра үйренуде және «Үкілі домбыра» үйірмесі жүргізіледі.

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру да жақсы жолға қойылған. Ол үшін түрлі жобалар аясында ашылған шахмат, тоғызқұмалақ, асық үйірмелері бар. Ұлттық құндылықтарға баулитын этноауыл ашық мұражайы, психологиялық тренингтер орталығы, «Қызықты математика» алаңы, мамандыққа бағдар беруге арналған «Сән орталығы», ағаш, металл өңдеу, тігін шеберханаларының да жас ұрпақ үшін маңызы зор. Сонымен қатар рухани адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған «Cinema day», «Artstudio» кабинеттері де жұмыс істейді. Инновациялық мектепте сондай-ақ, «Серпін» педагогикалық, «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастықтары, «Парасат» сынып жетекшілер қауымдастығы құрылған.

– «Шаңырақ» қауымдастығын құру арқылы оқушылардың кітап оқу дағдысын дамытатын «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «100 кітап», «READ X», «BOOKCROSSING», «Book trailer», «3D» кітап жасау, психологиялық танып дағды-



сын дамытуды көздейтін «Күм терапиясы», ұлттық құндылықтарды дәріптеуге негізделген «Асық қобдишасы», «Қазақтың 100 әні», ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасауға бағытталған «Ата-ана жұмысындағы бір күн», «Даналық бейнесі» секілді жобаларды жүзеге асырудамыз. Сонымен бірге оқушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастарын белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік беретін «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени білім беру жобасы жүйелі жүргізіліп келеді, – деп атап өтті Сәуле Құрманәліқызы.

Білім беру ұйымында сондай-ақ, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға да жағдай жасалып, ресурстық орталық ашылған. Онда арнайы педагогтар (дефектолог, логопед, сурдо, тифлопедагогтар, педагог-психологтар) бейімделген білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, инклюзивті тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда. Балалардың зейін тұрақтылығын, танымдық дағдыларын жетілдіруге бағытталған оқу кабинеттері стандарт талаптарына сай көрнекі-әдістемелік құралдармен, материалдық-техникалық жабдықтармен жасакталып, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік жасалған.

Педагогтардың кәсіби әлеуетін арттыру үшін «Таным», «Тәлім», «Тағлым», «Өрлеу» секілді шығармашылық топтар құрылған.

Бір мақсатқа бірге жету, бірлесе жұмыс атқару, бір-бірі толықтыру, бір-біріне демеу жасау және жетекші мектеп ретінде өзге мектептерге әдістемелік қолдау көрсету – білім ошақтарының жетістікке жетудегі ең басты бағыты. Осы орайда №47 М.Ломоносов атындағы мектеп-лицейі жетекші білім ошағы ретінде серіктес

№№155, 158, 49, 149, 151, 251 мектеп тәжірибесімен бөлісіп, әдістемелік қолдау көрсетіп келеді. Бұл орайда серіктес мектептермен «Lesson Study – Time», «Шеберлік палитрасы», «Stand up» жобалары жүргізілуде.

Осындай тынымсыз еңбектің, үздіксіз ізденістің арқасында «Ауданның тірек мектебі», «Ауданның ең үздік өнер

қауында мектеп-лицей мұғалімі Г.Нәлібаева I орын иегері атанды. Нұртай Алуа «Үздік бастауыш сынып жаратылыстану пән мұғалімі-2021» байқауында I орынды жеңіп алса, Эльмира Саттарбай облыстық «Үздік дефектолог-2021» байқауында II орынмен марапатталды. Шығармашыл ұжым жетістігі мұнымен ғана шектелмесі

анық. Байқағанымыздай, өз ісінде табысқа кенелмеген, жетістікке жетпеген ұстаз жоқ деуге болады.

Жалпы, мектеп-лицейдің ұстаздары мен оқушылары шығармашыл ортада білімі мен білігін қатар дамытуда. Мемлекет болашағының кілті – қазіргі жаңа технологияларды меңгерген, сонымен бірге, түп-тамырынан ажырамаған, салты мен дәстүрін, тарихын білетін нағыз сапалы азаматтарда екенін ескерсек, бүгінде осы жерден білім алып, тәрбиеленіп жатқан шәкірттер арасында аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі байқаулар мен олимпиадалар, ғылыми жобалардың жеңімпазы атанып үлгерген та-

● ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Сан соқтырған «сатушы»

Ер адам бөгде кісінің әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы көлік сату туралы жарнаманы «Колеса.kz» сайтында жариялаған. Сатып алушыларды төмен бағаммен қызықтырып, алдын ала төлемнің бір бөлігін шотқа аударуға көндірген.

Ақшаны алғаннан кейін жәбірленушінің телефон номерін қара тізімге енгізіп, сенгіш адамдарды алдаумен жалғастырған. Қазір қалалық полиция басқармасы күдіктіні ұстап, ҚР ҚК 190-бабы 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізуде. Алаяқтың ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексеріліп жатыр.

Түнде жортқан балалар

Қала аумағында өткен «Бала және отбасы» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында кәмелетке толмағандар тәрбиесіне қатысты 102 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

86 жасөспірім түнгі сағат 23:00-ден кейін заңды өкілізсіз ойын-сауық мекемесінен ұсталған. Олардың ата-аналары ӘҚБтК-нің 442-бабымен, кәмелетке толмағандардың ойын-сауық мекемесінде болуына жол берген 6 мекеме иесі ӘҚБтК-нің 132-бабымен жауапқа тартылды. Балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамайтын 3 ата-анаға ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша шара көрілген.

Заңсыз қару ұстап жүрген

Қызылордада өткен жылы заңсыз айналымнан 198 қару тәркіленген. «Қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында 9000-нан астам қару иелерінің аңшы қаруын сақтау заңдылығы тексерілді.

Азаматтық, қызметтік қаруды, оған арналған патрондарды сақтау, пайдалану және тасымалдау ережелерін бұзу дерегімен 699 құқық бұзушылық анықталып, олар ӘҚБтК-нің 482-бабымен жауапқа тартылды.

– Өткен жылы республика көлемінде заңсыз сақтаудағы қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттарды қабылдау акциясы өткізіліп, оның барысында азаматтардан 91 өтініш түсіп, 131 дана қару қабылданды, – деді облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бектөре Сұлтан.

Қолды болған жылқы

Шиелі аудандық полиция бөліміне 53 жастағы ауыл тұрғыны мал қорасынан 1 бас жылқысы ұрланғаны туралы шағым түсірді.

Жәбірленушіге 500 мың теңге көлемінде залал келтірілген. Жедел іздестіру шаралары барысында полиция қызметкерлері ауданның екі тұрғынын анықтап, ұстады. Айғақ зат алынды. Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 188-1 бабы 3-бөлігімен («Мал ұрлығы») сотқа дейінгі тергеу-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Оқиғаның мән-жайы анықталуда. Қалалық полиция басқармасының қызметкерлері 1-10 наурыз аралығында «Мал ұрысы» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Техникалық бақылаудан өтпеген

Қалада жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырушылар тарапынан 470 ереже бұзу дерегі анықталған. Бұл туралы ІІМ-нің нұсқауына сәйкес жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында өткен «Автобус» профилактикалық іс-шарасы кезінде белгілі болды.

Жолаушылар тасымалдау қағидаларының талаптарын бұзғаны үшін 62, көлік құралын тиісті рұқсатсыз жабдықтаған 42, міндетті техникалық байқаудан өтпеген көлік айдаған 89, көлік айдаған кезде ұялы телефон пайдаланған 83 азамат анықталған. Облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Бахыт Молдабаевтың айтуына 52 автокөлік қойылып, 53 көліктің мемлекеттік белгісі шешілгенін хабарлады. Сонымен қатар көлік бақылау инспекциясы қызметкерлерімен бірлесіп жолаушыларды заңсыз тасымалдаудың 16 дерегі анықталған.

Дайындаған
Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Волейбол бәсекесі

Жуырда ЗК 169/5 түзеу мекемесінің спорт кешенінде волейболдан спорттық сайыс өтті. Оған қалалық пробация қызметі мекемесінен екі команда, бөлімге қарасты «Өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтарды қайта әлеуметтендіру», «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту» және «Белсенді ұзақ өмір» орталықтарынан бір-бір командадан қатысып, бақ сынады.

– Мұндай сайыс бұған дейін де өткізіліп келген. Алдағы уақытта да тұрақты ұйымдастырылу жоспарлап отырмыз. Президенттің Жарлығымен көптеген жазасыз өтеуші азаматтар босатылып жатыр. Соларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында осындай іс-шаралардың маңызы зор деп есептеймін. Спорттың футбол, шахмат, дойбы түрлерінен сайыс тұрақты ұйымдастырылуда. Бұл жастарды жанашырлыққа, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеп, азаматтық болмысын қалыптастырады, – дейді қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бе-

йімдеу мен оңалту орталығының директоры Бақыт Нұртазаев.

Жарысқа денешынықтыру және спорт бөлімінің қызметкері Еркетай Қалдыбаев төрелік етіп, ойынның әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз етті. Жарысты қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің арнайы мамандары мен командалардың жанкүйерлері тамашалады.

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, арнайы кубок, мадақтама медальдармен марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

«Қазгермұнай» БК» ЖШС ұжымы электромонтер Карпаев Талғаттың кенеттен қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● 2022: БАЙДІЛДА ДОСКЕНОВ – 120

Құпия қызметтің адамы

Шиелик Мәліулы Бердәлі ағаның Байділда Доскенов жөніндегі әңгімесін естігенім. Ол кісі біраз біз білемейтін мәліметтерді ашты. Біз сол әңгімені көпшілікке бұзбай жеткізуді жөн көрдік. Ағамыз былай дейді.

Сб Дүйсенбек АЯШҮЛЫ,
«Сыр бойы»

Ел тарихында есімі қалған Байділда Доскенов 1902 жылы Шиели өңірінде өмірге келген. Тұтас ғұмырын Отан тапсырмасын орындаумен өткізген Байділда әкеміздің болмысын жазушы Қалмақан Әбдіқалыровтан бөліп айтуға болмайды.

Қалмақан Әбдіқалыров – қазақ әдебиетінің тарихына алтын әріппен жазылған есім. Ұлы Отан соғысының ардагері, елін, жерін сүйген ер. Алматыдағы жылы үйінде жатып, тек кітап жазумен айналыса да оның халқына сіңірген еңбегі жоққа шықпаса еді. Бірақ, ол сондайлармен сыйыспайды. Олардың көрмей-білмей сырттай сипаттаумен жазып, онай атак іздейтіндеріне күйінді. Сосын таудың қалқасында бұғып жатқанша, туған жеріме барып, пайдамды тигізгенім мың есе артық деп ауылға тартып отырған.

Қалмақан әкеміз сөйтпегені туған жері Шиелиге 1956 жылы келген. Аудандық га-

зет редакциясында жұмыс істеген. Оның парсы тілінен аударған «Мың бір түн» аталатын кітабы өзінің көзі тірісінде 1949, 1955, 1962 жылдары үш рет басылып шыққан. Ол осы кітаптың қаламағына ауылдан мектеп салдырған. Енді Байділда әкеміздің жайынан хабар берейін.

Байділда Доскенов өмір бойы СССР-дің мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің есебінде болған. Өте сауатты, орыс, арап, қытай, жапон, өзбек, тәжік тілдерін білген адам. Жиырмасыншы жылдары Қытайға барып, Кеңес өкіметінің астыртын жұмыстарын атқарған. Нақты айтқанда атаман Дутовтың қоспарларын іске асырмау операциясына қатысқан.

Дутов деген кім? Ол – Орынбор казак-орыс әскерлерінің атаманы, генерал-лейтенант. «Отан мен революцияны құтқару комитеті» құрып, Кеңес өкіметіне қарсы көтерілістер ұйымдастырған. Ақыры большевиктерден жеңіліп, Жетісуға шегініп, 1920 жылы наурызда Қытайдың Сейдун қаласына барып бекінген.

Кеңес одағының №1-ші қауіпті жауы Дутовты өлтіруге бірнеше шпион жұмсалған. Орыс болса тез білініп қалады деп, олар азиаттар ішінен таңдалған. Солардың бірі – Доскенов.

1920 жылы Байділда әкеміз өзін Кеңес өкіметінен қуғын көрген тұлғалардың бірі Досбол датқаның немересімін деп таныстырып, Қытайға өткен. «Досболов деген тегім қудалауға түсіп, Доскенов болып өзгердім», деген. Содан Шыңжаң-Ұйғыр аймағында болып, Сейдун қаласына кірген. Бірақ, атаманды өлтірмек тұрғай, оның штабына жақындай алмаған. «Атаманның ақыры» деген кинода бейнеленгендей, оны өлтірген чекіст Шадияров емес екен. Бұл жөнінде айтқан әкеміздің әңгімелері шым-шытырық. Ол кісі «Барлық шындықты жазып, архивке өткіздім, іздесендер содан табасындар» деп кетті. Бірақ, іздеп жатқанымыз жоқ. Болашақ ұрпақтар іздесе табады.

Доскенов полковник шенін алған. 1944 жылы Шығыс Түркістан ұлттық армиясының

қатарына кірген. Шығыс Түркістан армиясының Қытай еңбекшілері ұлттық-азаттық көтерілісін қолдағаны тарихтан мәлім. Байділда әкеміз осы кезде Қазақ азаттық халық армиясының қаһарманы атанған. Қытайдың даңқты қолбасшысы Чжу Де осындай ерліктері үшін Доскеновті алтын сапты қанжармен марапаттаған.

Енді тағы Қалмақан әкемізге келейін. Ол кісі маған: «Балам, жұрт Құдай жоқ дегенге сен де жоқ деме. Құдай бар, бізді Құдай жаратты. Осы күнгі «ЦК-да» істейтіндердің көбі тығылып әкелеріне құран оқытады. Тек саясат үшін ғана Құдайды мойындай алмай жүргендер көй-деуші еді. «ЦК» деп отырғаны – коммунистік партияның орталық комитеті. Ол кезде коммунистер үшін, оның үстіне орталық комитетте қызмет ететіндер үшін Құдай тақырыбы жабық. Сөйте тұра кейбір кісілердің тығылып құран оқытатынын естігенде таңғалушы едім. Қалмақан әке мұндай әңгімені ұш адамның басы қосылса айтпайды, көбіне үндемей отыратын.

Қалмақан әкеміз қайтыс болғанда Алматыдан Байділда Доскенов келді. Ол кісі

орысқа үйленген. «Бір кәпірлі мұсылман қылдым» дейтін. Сол орыс шешеміз де дінге кіріп, бес уақыт намазын оқыпты.

Бір-екі күннен соң Байділда әкемі пойызға шығарып салды. Әкеміз Қызылордаға Әбенов Қалқабай ағаның үйіне бір қонып, Алматыға кетемін деді. Сондағы айтқанын да ұмытқаным жоқ.

– Қалмақан бақытты ғой, халқы жерледі, ағайыны жылады. Мен өлсем, өкімет жерлейді. Ешкімге естіртпей көмеді, – деді. Сөйтсек, КТБ-да істеген әкеміз сол кезде Мәскеудің ерекше есебінде тұрады екен. Сөзден сөз туып, әкеміз өзінен жалғыз қыз бар екенін, оның да осы құпия қызметте істейтінін, ағайынмен ешқашан араласа алмайтынын айтты.

1968 жылы студент кезімде Байділда әкемің үйіне бардым. Алматының Ташкентский деп аталатын көшесі бойындағы «Тұлпар» дейтін дүкені бар екі қабатты үйдің төрінде тұратын. Сонда төрінде ілулі тұрған алтын сапты қанжарды көрдім, ал, үстел үстінде қызыл мұқабалы Құран кітабы жатты. Ол кезде ешкім үйінде Құран кітабын ұстамайтын. Орыс шешеміз қазақы көңілмен қарсы алды.

Қалмақан ағаның жаза асынан соң ол кісінің қырқы да, жүзі де, жылы да берілмеген еді. Оған уақыт, жоқшылық та мүмкіндік бермеді. Шалдар ақылдасып соның есебін 1972 жылдың желтоқсан айында Алғабаста, Машрап әкемің үйінде Қалмақан әкеге арналып ас берілді. Айдарлы, Тартоғай жақтан Нұрмахан әке бас болып, біраз ағайын жиналды. Сол Нұрмахан әкемің де сонда төрде төбе бидей болып отырғаны әлі көз алдымда.

Байділда әке осы асқа үш күн бұрын келіп, біздің үйде жатты. Қалмақан екеуіміз Бактыатада тудық, бірге оқыдық деп отырушы еді. Екеуі бір-бірін ерекше сыйлады, сол сыйластықтарын ағайынның бірлігіне пайдаланды.

Байділда әкеміз 1973 жылдың қараша айында қайтыс болыпты. Баяғы өзі айтқандай, ешкім хабар бермеді. Біз бұл қазаны бір жылдан кейін естідік.

... Бердәлі ағаның айтқаны мұнан да көп. Әңгімешіл, жарықтық шежіре дерсің. Бірақ, мен ол әңгімені Байділда Доскеновті еске түсірген аралығын ғана алып отырмын.

Шипалы Апанқак

Әлемнің әр қиырында ыстық суымен адамдарды сауықтыратын шипалы жерлер бар. Бұл ыстық сулар халықты емде маңызды орын алады. Себебі ыстық су жараны жазады, науқастарды сауықтырады. Қазіргі заманда медицина ғылымы дамыса да, емдік су қолданыстан шыққан жоқ.



Шапса аттың тұяғы, ұшса құстың қанаты талаатын кең байтақ қазақ жерінде емдік су шығатын жерлер өте көп. Атап айтар болсақ, Сарыағаш, Алма-Арасан,

Барлық-Арасан секілді емдік орындар. Солардың бірі - өңіріміздегі Апанқак суы. Ол Жанақорған ауданынан 66 шақырым қашықтықта орналасқан. Шама-

мен 800 метр тереңдіктен шығатын шипалы судың температурасы 80 градус. Апанқак суынан ем іздегендер қысы-жазы үзілмейді. Тіпті, шипа іздеп, Алматы, Қостанай, Атыраудан, яғни, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келеді. Суының құрамында сынап бар. Сондықтан, ревматизм, қышыма, қотыр, тері аурулары және сүйек ауруларына ем. Ғалымдардың айтуынша Апанқак суы минералды суларға, тұздарға бай, құрамында емдік химиялық элементтер көп болғандықтан асқазан, қорық безінің асқынуы, гемморой ауруларына да ем.

Бүгінгі таңда осындай табиғи еммен емделуге халық арасында ықпал күн сайын артып келеді, яғни, шипалы судан ем табумен қатар, демеу үшін де барады. Осындай емдік сулар арқылы туризмнің туын тіккен жұрттар бар. Әсіресе Шығыс Еуропа елдері Чехия, Болгария, Польша, Венгрия елдері бір ғана шипалы-емдік сула-

рым экономикасын дамытып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде емдік-сауықтыру туризм жалпы ішкі өнімді жоғарылатты, яғни, халықты жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар көлік және байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, тұрмыстық тауарлар өндірісі секілді экономиканың негізгі салаларының дамуына әсер етті. Қорыта айтқанда емдік туризм – құлдырауды білмейтін бірден-бір табыс көзі. Сондықтан өңіріміздегі Апанқак шипалы орнына көңіл бөлуіміз керек. Ол үшін ең бастысы Апанқакқа баратын жолды жақсартса. Сонымен қатар шипажай, қонақүй, сауықтыру орындарын салса қонақтар мен әсіресе жергілікті тұрғындардың емделуімен қатар тынығуына жол ашылар еді.

Қуандық ҮСЕНБЕКОВ,
№110 мектеп-лицей
мұғалімі,
тарих магистрі



SERGEK

● ҚЫСҚЫ ПАРАЛИМПИАДА-2022

Александр Герлиц – қола жүлдегер

Александр Герлиц 1989 жылдың 31 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында дүниеге келді. 2011 жылы жол апатына түсіп, оған үшінші топтағы мүгедектік тағайындалды.

2014 жылдан бастап ол Иван және Мария Дробязко сынды бапкерлердің жетекшілігімен шаңғы спортының қыр-сырына қанықты. Әкесі Александр Александрович Герлиц баласының әрдайым спортпен айналысуына көңіл бөлді. Алғаш рет ол 2018 жылғы Паралимпиада ойындарына қатысты.

Александрдың жетістігінен кейін Қазақстан медальдар кестесінде 18-орынды еншіледі.

Еске салсақ, Паралимпиада ойындарына еліміздің атынан Сергей Усольцев пен Александр Герлиц,

1-бет

Ербол Хамитов, Денис Петренко мен Юрий Березин қатысуда. Енді қазақстандық спортшылар 11, 12, 13 наурыз күндері айтулы аламанда бақ сынады.

Айта кетсек, бұған дейінгі қысқы Паралимпиада ойындарында ел қоржынына 1 алтын, 1 күміс медаль түсті. 1994 жылы 10 шақырымға классикалық мәнерде шаңғы жарысында қазақстандық Любовь Воробьева күміс алса, 2018 жылы шаңғымен жарыста Александр Колдун 1,5 шақырымға классикалық мәнерде спринт жарысында чемпион атанды.

Қысқы Паралимпиада 4 және 13 наурыз аралығында өткізіледі. Онда әлемнің 50 мемлекетінен келген 700-ге тарта спортшы бақ сынауда. Қазақстан атынан барған 5 параспортшы спорттың екі түрінен жарысқа қатысуда.

Андрей Карпович – ұлттық құраманың бас бапкері

Қазақстандық маман Андрей Карпович футболдан еліміздің ұлттық құрамасы бас бапкерінің міндетін атқарушы болып тағайындалды. Бұл жөнінде Қазақстан футбол федерациясы хабарлады.

А.Карповичтің есімі қазақстандық жанкүйерлерге жақсы таныс. Ол ұлттық құрамада ең көп ойын (55) өткізген футболшылар бестігіне кіреді. Оған қоса бірнеше рет капитан ретінде алаңға бастап шыққан еді.

Карпович өзінің футболшылық мансабында «Елім-ай», «Ертіс», «Қайрат», «Локомотив», «Ордабасы», «Шахтер», «Атырау», «Алтай», ресейлік «Ростсельмаш» және мәскеулік «Динамо» командаларында доп тепті.

Ол бапкерлік мансабын «Қайрат» футбол командасының жүйесінде бастап, одан кейін 2 жыл «Окжетпесті» жаттықтырды. 2021 жылдың басынан «Қызыл-Жардың» бас бапкері болды.

Жаңа бас бапкердің командасы үшін алғашқы сынақ 24 наурызда Молдова құрамасына қарсы болады. Бұл күні қазақстандық футболшылар Ұлттар лигасы өтпелі матчында алғашқы ойынын өткізеді.

«Сарыарқа» екінші орын алды

Қазақстандық «Сарыарқа» шайбалы хоккейден құрлықтық кубогты екінші орынмен аяқтады.

Аталған турнирдің екінші ойынында қазақстандық клуб Данияның «Ольборг Пайретс» командасын 4:1 есебімен сүріндірді. Ойын барысында «Сарыарқа» сапынан Сергей Барбашев (4-минут), Степан Грымзин (31-минут), Андрей Яковлев (35-минут) және Никита Аноховский (60-минут) мергендік танытты. Оған даниялық клубтан Йен Эдмондсон (45-минут) бір голмен жауап қайырды.

«Сарыарқа» бірінші ойынында Польшаның «Краковия» командасына 1:2 есебімен жол берді.

Құрлықтық кубок ойындары 1998 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. 2018/2019 жылғы кезеңде қазақстандық «Арлан» (Көкшетау) аталған турнирде жеңімпаз атанды.

Ал 2016/2017 жылғы кезеңде «Бейбарыс» (Атырау), 2017/2018 жылғы кезеңде «Номад» (Нұр-Сұлтан) күміс жүлдеге қол созды. Сондай-ақ, 2007/2008 жылғы кезеңде «Казинк-Торпедо» (Өскемен) үздік үштікті түйіндеді.

Дайындаған
Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

● ТАНЫМ

Ауа райын болжайтын құстар

Ауа райын болжаушылар аң-құстардың іс-әрекетінен алдағы күннің райын жобалайтын болған. Атап айтар болсақ, су құстарының мезгілінен бұрын келуі – ерте көктемнің хабаршысы. Ал керісінше сауысқан ерте келсе, көктем кешігіп, мал шығыны көп болатынын білдіреді.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Қарлығаш жоғары ұшып жүрсе, күн райы жақсарып, ашық болады дегенді білдіреді. Ал жер бауырлап ұшса, ауа райы бұзылып, жауын-шашынды болады. Оның да өз себебі бар. Ыстық күндері жылы ауа ағымы жерден шыбын-шіркейлерді жоғары кеңістікке көтеріп кететіндіктен, қарлығаштар да, өз қамымен олардың сонынан қалмай ұшады. Ал, бұдығы күндері ауа дымқылданып, шыбын-шіркейлердің қанаттары көпсіп, ісініп кететіндіктен жер бетіне жақын ұшып, қарлығаштар да олардың

сонынан төмен ұшады. Олар бірде төмендеп, бірде биіктей ұшса, дауыл соғуы ықтимал.

Ала жер бауырлап үй жағалап ұшып, ықтасын жерге немесе шатырға кіріп қонақтаса, боран соғатынын білуге болады.

Қараторғай келді дегенше, көктем мезгілі жетті дей беріңіз. Олар мезгілінен ерте келсе, көктем шуақты, кеш қайтса, күз қолайлы, қыс жайлы болмақ. Аспанда ұшып жүріп, түрлі қимыл жасай берсе, күз ұзаққа созылады. Жүнін ұрғиптіп мазасызданса, ауа райы бұзылып, тез қоныс аударса кешкіпей жел тұратынын, білуге болады.



Қарға ерте көктемде қарға шомылса, күн жылынады. Жаз кезінде аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды. Қыста ағаш басына қонақтап, қарқылдаса аяз боларын, топтасып шуласа, қар жауарын, бастарын әр жаққа қаратып, бейғам отырса, күннің желсіз, ашық боларын, ағаш дінгектеріне жақын қонақтап отырса, күннің желді боларын білдіргені.

Тауық та өз әрекетімен күн райының өзгерістерін білдіреді. Мысалы, жаңбырлы күні қораз таң ата шақырса күн ашылады. Кешке шақырса ауа райы өзгереді. Күндіз жиі-жиі дыбыс шығарса, күннің жылынарын сезгені. Тауықтар үстіне топырақ шашып жатса, күн шуақты болады. Ал, құмға аунап, қанаттарын қаққылап, сілкініп, қауырсындарын тарағытса, жаңбыр жауады.

www.facebook.com/syrboyi_kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.